Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

Алатау

Газет 2001 жылдың 7 тамызынан шыға бастады

№11 (910)

21.03.2019

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru

alatau.aqparat

ТОҚАЕВ ТАҚҚА ОТЫРДЫ

Ширек ғасырдан аса ел басқарған Нұрсұлтан Әбішұлы 19 наурыз күні орталық телеарналар арқылы халыққа үндеу жолдап, өз өкілеттілігін тоқтатынын мәлімдеген болатын. Ал, бүгін Астанада Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына ант берді. Осылайша, ол ресми түрде Қазақстан Республикасының президенті атанды.

«Мен оңай шешім қабылдаған жоқпын. Тәуелсіз елдің алғашқы басшысы болу мәртебесі маған бұйырды. Жылдар бойы халық мені қолдап келді», – деп сөзін бастаған Нұрсұлтан Әбішұлы барша отандастарына өз алғысын білдіріп, еліміздің әл-ауқатын дамыту жолында бар күш-жігерін аямай, адал қызмет еткенін де айтты. Астанада өткен Парламенттің бірлескен отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты түрде ант беріп, тұңғыш президентке алғысын білдірген ол Н.Ә. Назарбаевты «саяси ұстазым» деп атады. Ант беру рәсіміне Парламент депутаттары, үкімет мүшелері, биліктің өзге де тармақ өкілдерінен бөлек елдің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

Ант беру рәсімі алдында конституциялық кеңес төрағасы Қайрат Мәми Ата заңның 42-бабына сәйкес, Тоқаевтың ант берген сәтінен бастап президент қызметіне кірісетінін айтты. «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз тілшіміз.

Наурыз нақыштары

Шуағын төгіп көктем де келді нұрланып,
Самал жел тербеп, бәйшешек белде ырғалып.
Шашуын шашып әжелер менен аналар,
Наурызын тойлап қызыққа батып жүр халық!
Қария-қыстан қауқары кетіп тұр налып,
Бойжеткен-наурыз бой түзеп жатыр жырғалып.
Күн менен түннің теңесер шағын көп күткен,
Бозбала-сәуір көз қадап тұр-ау ұрланып.

Ұзын сарыдан ұзаққа кетіп ес жиып,
Төрт түлік төлдеп жатырмыз аққа мол байып.
Қыр жақтан келген Қыдырдың даусын естиік,
Халқына мынау батасын берген қол жайып.
Ұлыстың күні – ұлы күн болды бәрі үшін,
Алаштың жұрты алқалы тойда бас қосып.
Қыдырдың берген батасы елге дарысын,
Жаңа жыл сайын адамдар жасқа жас қосып…

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ,
ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын.

Ұтыстан құр қалмаңыз!

I орын
Смартфон Samsung Galaxy A6

II орын
Шаңсорғыш Bosch BGS05A220

III орын
Мультиварка REDMOND RMC-M252

IV орын
Қысқатолқынды пеш Elenberg MS-2011M

V орын
Блендер Elenberg HAT-9601E

VI орын
Миксер Elenberg SW-601

Оқырмандар жүрегіне жол тапқан басылымды одан әрі насихаттау әрі көпшіліктің қызығушылығын тудыру мақсатында оқырмандарға арнап ұтыс ұйымдастырып отырмыз. Ұтыс ойынын «Қазпошта» АҚ-мен бірлесе отырып, қорытындылайтын боламыз. Оқырмандар наурыз айынан бастап жазылса, газет келесі айдан бастап қолына тиеді.

Түбіртектің түпнұсқасын өзіңізде қалдырып, көшіремесін «Қазпошта» арқылы Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат мекенжайына жолдаңыз. Индекс: 040000. Немесе түбіртекті сканерден өткізіп, басылымның ***alatau_offset@mail.ru*** *поштасына жіберуге болады. Сонымен қатар 87028817110 ұялы телефонына WhatsApp желісі арқылы жолдауға мүмкіндігіңіз бар. Қосымша ақпарат: 87714037399 нөмірінен ала аласыздар.*

Ескерту: *ұтысқа тек 2019 жылы жазылғандар ғана қатыса алады.*

АҢДАТПА

ЖЕТЕЛІ СӨЗДІҢ ЖЕТЕГІНДЕ… ► 4-бет

МАҢ-МАҢ БАСҚАН МӘДЕНИЕТ… ► 5-бет

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ! ► 7-бет

РЕКЛАМА – БЕДА ДЕТСКОЙ ЖИЗНИ ► стр. 10

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СҮЙІНШІ

МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА ПӘТЕР БЕРІЛЕ БАСТАЙДЫ

Премьер-министр Асқар Мамин Үкімет отырысында бірінші мамырдан бастап тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға пәтер үлестіріле бастайтынын мәлімдеді.

Елбасының тапсырмасы бойынша жастар мен көпбалалы отбасыларға пәтерлер мемлекет бюджет есебінен тұрғызылады. Премьер-министр орынбасары Жеңіс Қасымбектің хабарлауынша, биыл 118 мың отбасы баспаналы болмақ.

Сондай-ақ, Асқар Мамин «Нұрлы жер» және «7-20-25» бағдарламалары халықтың тұрғын үй мәселесін шешудегі Н.Назарбаевтың негізгі әлеуметтік саясаты екенін айта кетті.

«Тұрғын үй құрылысын ары қарай дамыту қажет. Биыл 13 миллион шаршы метр баспананы тапсыруымыз керек. Әкімдер жер телімдерін бөлу мәселесін жылдам шешіп, инфрақұрылымды өткізу мәселесін қадағалаулары тиіс. Н.Назарбаеватың тапсырмасы бойынша, тұрғын үй құрылысында сәулеттік біркелкілікті ұстану керек. Бұл тапсырма тек Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында орындалуда. Басқа аймақтарда енді басталды. «Нұрлы жер» бағдарламасына өзгерістер енгізу керек. Бес жыл көлемінде алты мыңға жуық көпбалалы отбасы пәтер алады. Бірінші мамырдан бастап пәтерлерді бөле бастаймыз», – деді премьер-министр.

Г. БЕКСАУЫТҚЫЗЫ.

АУРУХАНАНЫҢ БАС ДӘРІГЕРІ ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

Алматыда құқық қорғаушылар қалалық орталық клиникалық аурухананың бас дәрігері Нұрлан Тұрдалинді тұтқындады.

Сотқа дейінгі тергеу ісінің материалдары бойынша, аурухана басшысы алғашқы параны 12 наурыз күні алған.

«ACMEDA» ЖШС менеджері дәрі-дәрмек жеткізу жөніндегі келісімшартқа еш кедергісіз қол қою үшін ОҚКА басшысына 340 мың теңге берген.

Екінші пара алу фактісі де сол күні болған. Құқық қорғау органдарына сілтеме жасаған басылым, «ABMG Expert» ЖШС-нің тауар жеткізушісі Тұрдалинге 1900 доллар табыстағанын жазды.

МҰҒАЛІМНІҢ КЕСІРІНЕН ОҚУШЫ ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАДЫ

Түркістан облысы Шардара ауданына қарасты Шардара ауылында өзіне қол салған тоғызыншы сынып оқушысы өзін өлімге апалы-сіңлілі мұғалімдері итермелегенін айтып, хат жазып кеткен.



ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

APPLE ЖАҢА IPAD ГАДЖЕТТЕРІН ШЫҒАРДЫ

Apple компаниясы жаңа iPad Air және iPad mini модельдерін шығарды, – деп хабарлайды Tengrinews.kz. Компаниядағылардың мәліметінше, iPad Air, iPad mini гаджеттерінде соңғы A12 Bionics процессорлары орнатылған және онда 10,5; 7,9 дюймді экран болады. Жад көлемі – 64 немесе 256 гигабайт. iPad Mini моделінің бағасы АҚШ-та 399 доллардан (шамамен 150 мың теңге) басталса, iPad Air 499 доллардан (шамамен 190 мың теңге) басталады. Apple компаниясының таныстырылымы 25 наурызда өтеді деп жоспарланып отыр.

БЕЛГРАДТА МЫҢДАҒАН АДАМ ШЕРУГЕ ШЫҚТЫ

Мемлекет басшысы Александр Вучичтің резиденциясы алдына жиналғандар елдегі Бұқаралық ақпарат құралдары бостандығы мен еркін әрі әділ сайлауды талап етті. Мемлекет басшысы Александр Вучич елдегі жағдайға байланысты шұғыл баспасөз мәслихатын жинап, ол басталысымен шерушілер полиция тосқауылын бұзып өтіп, ғимаратқа кірмек болды. Алайда тәртіп сақшылары оларға қарсылық көрсетті. Бұдан соң наразы топ полиция басқармасын да қоршауға алып, қамауға алынған жақтастарын босату мен елдің ішкі істер министрі Стефановичтің отставкаға кетуін талап етті. Айта кетейік, Сербияда үкіметке қарсы наразылық акциялары өткен жылдан бері жалғасып келеді.

СЛОВАКИЯДА ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУДЫҢ ЕКІНШІ ТУРЫ ӨТЕТІН БОЛДЫ

Словакияда президенттік сайлаудың бірінші турында ешбір кандидат 50 пайыздан астам дауыс жинай алмады. Сондықтан наурыздың 30-ы күні саяси доданың екінші кезеңі өтеді. Оған алғашқы турда сайлаушылардың 40 пайыз дауысын жинаған қоғам қайраткері Зузана Чапутова мен азаматтардың 18 пайыз қолдауына ие болған Еурокомиссия басшысының орынбасары Марош Шефчович түседі. Сарапшылар Зузана Чапутованың жеңіп шығуға мүкіндігі мол дейді. Еске сала кетейік, Словакияда кеше өткен президенттік сайлауға 13 үміткер қатысты. Бірақ ешбір кандидат жеңуге қажетті межеге жете алмады.

24.kz

АСТАНАНЫ "НҰРСҰЛТАН" ДЕП ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ

«Нұр Отан» партиясы төрағасының орынбасары Мәулен Әшімбаев президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Астананы Нұрсұлтан деп өзгерту туралы ұсынысына қатысты пікір білдірді.

«Бұл дұрыс шешім. Астанаға қанша еңбек пен энергия кетті. Ойлап көріңізші, Астана бұрынғы облыс орталығы, бұрынғы Целиноград, Ақмола. Ал қазір Астана – Еуразиядағы дамыған қалалардың, әлемдік ірі орталықтың бірі. Қасым-Жомарт Кемелұлының шешімі өте дұрыс және заңды. Біз оны қолдаймыз және астаналықтар мен барлық қазақстандықтарды қала атының өзгеруімен құттықтаймыз», – деді ол.

NUR.KZ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОЖАРНЫЙ СПАС ЖИЗНЬ РЕБЕНКУ ПРИ ОБХОДЕ ЖИЛОГО СЕКТОРА!

У ГЕРОИЧЕСКОГО ПОСТУПКА НЕ БЫВАЕТ ПРОШЕДШЕГО ВРЕМЕНИ. ОН ОСТАЕТСЯ В ПАМЯТИ У СПАСЕННЫХ ЛЮДЕЙ И ЧЕЛОВЕКА ЕГО СОВЕРШИВШЕГО. ОКАЗАЛСЯ В НУЖНОМ МЕСТЕ В НУЖНОЕ ВРЕМЯ, ТАК МОЖНО НАЗВАТЬ ЭПИЗОД СПАСЕНИЯ МАЛЕНЬКОГО МАЛЬЧИКА В ПОСЕЛКЕ БАЛПЫК БИ КОКСУСКОГО РАЙОНА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ.

Этот весенний день, 6 марта 2019 года, семья Жексембаевых запомнит надолго. 6 марта со слов отца семейства младший сын Темирлан 2004 и старший сын Ерасыл 2003 года рождения спали дома, внезапно у Темирлана начался приступ «судорожный синдром», старший брат, находясь во сне, не знал о состоянии младшего брата. В это время сотрудник пожарной части №32 поселка Балпык би ДЧС Алматинской области младший сержант гражданской защиты Сапаш Нуржан обходил жилой сектор и разъяснял жителям о соблюдении правил пожарной безопасности в отопительный период. Услышав стук в дверь Ерасыл проснулся и заметил приступ Темирлана, выбежал на улицу, испуганно крича, зовя на помощь. Находившийся в это время возле данного дома младший сержант гражданской защиты Сапаш Нуржан бросился на помощь, так как на счету была каждая секунда и до прибытия медицинских работников, он оказал первую медицинскую помощь при судорожном синдроме, а именно, разжал сжатый рот, вытащил западший язык из горла, освободив перекрытые дыхательные пути больному Темирлану, который находился при смерти. Вся спасательная операция заняла 1 минуту.

Сапаш Нуржан Кайратович 1998 года рождения, родом с Алматинской области своим неравнодушным отношением к работе и скромным поведением в повседневной жизни является ярким примером подражания для всех спасателей и граждан страны в целом.

А. МУРАТКЫЗЫ.

ВПЕРЕДИ КАЗАХСТАНЦЕВ ЖДЕТ ДОЛГОЖДАННЫЙ ДЕНЬ РАВНОДЕНСТВИЯ. ПРАЗДНИК НАУРЫЗ, ОТМЕЧАЕМЫЙ ВО МНОГИХ ВОСТОЧНЫХ СТРАНАХ СУЩЕСТВУЕТ НЕСКОЛЬКО ТЫСЯЧЕЛЕТИЙ. НАСТУПЛЕНИЕ НОВОГО ГОДА ПО ВОСТОЧНОМУ КАЛЕНДАРЮ, ДАРИТ ОБЩЕСТВУ ЯРКИЙ ВЕСЕННИЙ ДЕНЬ, ГДЕ ВСЕ ЖИТЕЛИ ВЫХОДЯТ НА УЛИЦЫ И ОТМЕЧАЮТ ПРИШЕДШИЙ ПРАЗДНИК.

НАУРЫЗ – ВЕСЕННИЙ НОВЫЙ ГОД!

Древнейший праздник восточных народов Наурыз – один из главных весенних дней. Второй новый год для казахстанцев не менее важный, чем 31 декабря. Считается, что день равноденствия в первую очередь - День единения и преемственности поколений. На протяжении долгих лет наши предки использовали этот праздник для примирения враждующих народов, и стремились прекращать военные конфликты. Наурыз переводится с фарси как «новый день». Наступление нового года говорит об очищении от грехов, и прощении и единении. Предки многих восточных народов – тюрки сбривали голову на лысо, надевали светлые одеяния и отчищали местные колодцы и реки, встречая новый год обновленными и чистыми.

Главный день Наурыза в главных странах наступает по-разному. В Казахстане – это 22 марта, в этот день дни становятся длиннее, а ночи короче. Празднование сопровождается масштабными мероприятиями. Среди них традиционные концерты и выступления, поход в гости, готовка известного всем наурыз коже. Наурыз коже готовят из семи ингредиентов: воды, сушеного или вяленого мяса, соли, масла, жира, злаков, кефира. Считается, что человеку попробовавшему наурыз коже, в этом году обязательно улыбнется удача, будет крепкое здоровье, а семья будет защищена от невзгод и приобретет достаток.

М. КЕНЕСОВА.

ЗАСЕДАНИЕ КОМИССИИ ПАРТИЙНОГО КОНТРОЛЯ

В Алматинском областном филиале партии «Нұр Отан» было проведено заседание комиссии партийного контроля по вопросу обеспечения жильем в рамках программы «7-20-25».

На повестке дня были обсуждены два вопроса: ход реализации программы «7–20–25» в рамках Первой социальной инициативы Президента Республики Казахстана Н.А.Назарбаева «Новые возможности приобретения жилья для каждой семьи», а также рассмотрение обращений, поступивших в общественные приемные за январь, февраль месяцы 2019 года и о проведении приемов членов партии согласно графика.

На заседании председатель комиссии партконтроля Ермек Абильмажинович Келемсейіт заслушал доклад заместителя руководителя областного управления строительства Нусипбаева Марата Омаровича, о финансовых механизмах и оптимизациях в банковской сфере рассказала заместитель директора Алматинского областного филиала АО «Национальный банк» Сакенова Алия Болатовна. В свою очередь о ходе реализации Пяти социальных инициатив Елбасы в своем докладе озвучил председатель областного совета по Пяти социальным инициативам Абдыкадыров Садык Нурсапанович.

После встречи рабочей комиссии заседание продолжилось прямым включением через видеоконференцсвязь с Центральным аппаратом партии. Модератором заседания центрального уровня был депутат Мажилиса Парламента РК, Член Комитета по международным делам, обороне и безопасности Куаныш Султанов.

Ш. ХАМИТОВ.

МЕТОД РУНГЕ-КУТТЫ ПРИНЕС ПОБЕДУ

Ученица 11 класса Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган Аида Науанова завоевала II место на Международном конкурсе исследовательских работ по математике имени У.Жолдасбекова.

Интеллектуальное соревнование прошло в два тура на базе механико-математического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В конкурсе приняли участие 250 призеров областных и республиканских заключительных туров.

Аида представила научный проект по прикладной математике «Решение дифференциальных уравнений Рунге-кутты средствами MS Exel». По словам юного исследователя, решение дифференциальных уравнений является одной из важнейших математических задач, имеющих практическое значение. Ведь реальные процессы или явления в таких областях как механика, экономика, химия, биология, астрономия, экология можно описать дифференциальными моделями. Актуальностью данной работы является проблема разработки методически правильного, логически обоснованного рационального использования компьютеров при решении задач.

«Математика – мой любимый предмет с раннего детства. Мне нравится находить обычным вещам применение, ставить гипотезу, затем ее подтверждать, находить закономерности, мыслить стратегически и логически. Проектной деятельностью начала заниматься с прошлого года под руководством учителя математики Елены Ескендировой. В будущем планирую поступить в школу инженерии Назарбаев Университета», - поделилась своими планами Аида Науанова.

По итогам Международного конкурса исследовательских работ по математике имени У.Жолдасбекова ученица 11 класса Аида Науанова стала лауреатом конкурса II степени.

Конкурс ежегодно проходит в честь известного ученого, академика Умирбека Жолдасбекова. Для участников олимпиады в торжественной церемонии закрытия был показан документальный фильм «На изломе эпох» Бахыта Каирбекова о нелегкой жизни бывшего ректора КазНУ У.Жолдасбекове. В ленте ярко отражен путь выдающегося человека, который смог выдержать все испытания, собрать свою волю в кулак и добиться многих целей.

А. АКЫБАЕВА.

СЕКРЕТАРЬ СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ

Секретарь судебного заседания является важным звеном в судебной системе. Его роль крайне значима для исполнения судом отправления правосудия. Недаром говорят, что от работы сотрудников аппарата суда зависит очень многое, начиная от оперативности и заканчивая качеством выполнения задач, стоящих перед судом.

Секретарь должен знать действующее законодательство Республики Казахстан, следить за законодательными изменениями и тенденциями, иметь организаторские способности, умение анализировать, разрабатывать план определенных действий, грамотно распределять свое рабочее время, при этом быть собранным, ответственным и корректным. Ведь за защитой своих прав в суде зачастую обращаются люди, оказавшиеся в трудной ситуации из-за незнания своих прав или закона и зачастую секретарь суда является тем человеком, которого в первую очередь встречают граждане, пришедшие в суд, поэтому надлежит относиться уважительно и корректно к каждому посетителю суда. Каждый рабочий день секретаря судебного заседания очень насыщенный, его работа в условиях развития электронного правосудия многофункциональна и в то же время интересна. В обязанности секретаря судебного заседания входит: работа с электронными базами данных, в частности с АИАС «Төрелік», «Әділет», подготовка дела к слушанию, обеспечение необходимых мер для вызова в суд лиц, участвующих в деле, путем направления SMS-уведомлений и извещений. Непосредственно в день слушания дела секретарь судебного заседания проверяет явку вызванных участников процесса, исправность аудио-видео аппаратуры в зале заседания, так как судебные дела рассматриваются с применением аудио-видео фиксации, в процессе наблюдает за надлежащей работой фиксирующего оборудования, а по окончании обеспечивает запись файла на носителе и его сохранности до сдачи дела в архив. Судьи рассматривают гражданские, административные и уголовные дела, распределенные автоматизированным способом, которые отличаются своей специализацией, после их рассмотрения по существу секретарь судебного заседания оформляет дело для сдачи его в канцелярию: направляет или вручает участникам процесса копии судебных актов, подшивает в хронологическом порядке документы, приобщенные в ходе слушания, протокол судебного заседания, судебные акты; составляет опись дела; направляет сторонам копии апелляционных жалоб (ходатайств), своевременно подготавливает к направлению дела на рассмотрение в апелляционную инстанцию; по вступлению решения либо приговора в законную силу выписывает исполнительные листы, которые ввиду интеграции информационных систем судебных и исполнительных органов, направляет электронным способом на исполнение, заполняет реквизиты в учетно-регистрационных карточках по программе «Төрелік», подготавливает к сдаче дела в ведомственный архив, выполняет другие действия согласно Правил ведения делопроизводства в судах.

Данияр МОЛДАХМЕТОВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского СМАС.

ДОЛГ И ОБЯЗАННОСТЬ КАЖДОГО

Государственная программа развития и функционирования языков на 2011-2020 годы разработана в соответствии со статьями 7 и 93 Конституции Республики Казахстан; Законом Республики Казахстан от 11 июля 1997 года "О языках в Республике Казахстан"; Концепцией расширения сферы функционирования государственного языка, повышения его конкурентоспособности на 2007-2010 годы, утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 ноября 2007 года № 1122; Стратегическим планом развития Республики Казахстан до 2020 года, утвержденным Указом Президента от 1 февраля 2010 года № 922; Указом Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 957 "Об утверждении Перечня государственных программ"; пунктом 3 Плана мероприятий по реализации поручений Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А., данных на XV сессии Ассамблеи народа Казахстана; Доктриной национального единства.

Программа, рассчитанная на десять лет реализации, основана на анализе сложившегося в стране языкового строительства, учитывает мнения и рекомендации экспертного сообщества, занимающегося проблемами языков. При разработке Программы был изучен опыт правового регулирования вопросов, связанных с реализацией государственной языковой политики свыше 30 зарубежных стран. Данный документ является нормативно-организационной основой решения актуальных проблем в сфере функционирования и развития языков и создания условий для полномасштабного применения государственного языка во всех сферах общественной жизни. Как отметил Глава государства Назарбаев Н.А.: "Мы должны приложить все усилия для дальнейшего развития казахского языка, который является главным фактором объединения всех казахстанцев. В то же время необходимо создать благоприятные условия, чтобы представители всех проживающих в стране народностей могли свободно говорить, обучаться на родном языке, развивать его".

В Доктрине национального единства государственный язык определен ключевым приоритетом, главным фактором духовного и национального единства. Овладение им должно стать долгом и обязанностью каждого гражданина Казахстана, стимулом, определяющим личную конкурентоспособность и активное участие в общественной жизни.

Эльмира МУСАБАЕВА,
заведующая канцелярией СМЭС Алматинской области.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Жетелі сөздің жетегінде...

Тамыры жеті санымен астасқан тарих та, таным-түсінік жолы да қызық һәм өнегелі. Мәселен, қасиетті тұрғындар саналған баяғы вавилондықтар заманында жеті планета бар деп топшылаған дейді. Ғалымдардың бағамдауынша, дүниедегі жарық атаулының жеті түстен тұратыны да дәлелденген. Тіпті, кәдуілгі кемпірқосақтың пайда болуы да осы жеті түске тіке қатысты екені тағы рас. Ал қазақтың төл мәдениетінен, төл тарихынан түгелдейін хабар беретін «жеті қазына», «жеті ата», «жеті жарғы», «жетіге тиіспеу» сынды ұлттың болмысына айналған бірсыпыра сөздің барын көп жұрт білсе де, көп ескере бермейтіні, тіпті салмақтап, сананың сүзгісінен өткізе алмайтындығы – тағы шындық.

Расында жетіге түзілген қатпары қалың, қазынасы қат-қат атауларды танып-біліп, әспеттеп құны құлдырамас рухани байлығымыз ретінде бағалау – бүгінгі ұрпақ, бізге парыз сынды. Керек десеңіз, шын мәніндегі жаңғыру тетігіміздің бір ұшы осында деуге болады. Қазақ нанымындағы сап алтындай салмақты жетіге қатысты атаулардың ішіндегі «жетіге тиіспеу» қағидатында үлкен мән бар. Бұл туралы XV ғасырдың ғұлама ғалымы, шипагері Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты кітабында жазылғанын да бірі білсе, бірі білмес. Ол кітапта ғалым бабалар қалдырған бұл өсиетнаманың құны туралы, адами түсінік пен пайым-парасат, тұлғалық сипат қалыптауда аталған жеті қисынның маңызының зор екенін алға тартқан.

Сонымен, қазақ «Жетіге тиіспеу» деп нені айтқан десеңіз, жазалық. Әуелі көктемде көктеп келе жатқан көкке тиіспеу туралы айтады. Бала күнде жазғытұрым болысымен «көк шөпті жұлма, көктемей қаласың» деген ата-әже тыйымында да тиянақты тәрбиенің болғаны ақиқат. Тіпті, Құранда да, Буддада да айтылмаушы ма еді?! Қарапайым қисынға жықсаңыз да, көктемде бауыры иіген қара жерден дүрк берген, балауса ғана бүрлеген көкке қиянат жасаудың өзі нағыз үлкен күнә емес пе? Бұл қазақтың обал-сауап төңірегіндегі тәлім-тәрбие, тәртіп тұжырымы деп біліңіз.

Жетіге тиіспеудің екінші бір тыйымы: қыбыр-жыбыр тірлігін енді бастаған ұсақ жәндік – құрт-құмырсқаға тиіспеуді өсиет етеді. Бұл да қазақтың қанына сіңген адами мораль, қастерлі түсінік десек, еш асырып айтқанымыз болмаса керек. Мәселен өрмекші көріп сескеніп, не қорқып өлтіргісі келген бала болса, үлкендер бірден: «Бұл пайғамбарды құтқарып қалған қасиетті жәндік» деп оны өлтіруден араша етіп алады. Ал құмырсқаны «еңбекқор» деп өзгесінен «бір төбелеп» бөлекше бір ақтап алса, оның да асыл дінімізде әспеттелген жәндік екенін және бір алға тартады. Осылайша, әр жәндіктің өз қасиетін түгелдеп, олардың да тірі жан иесі екенін ұрпағына ұғындырады. Бұл қазақтың бойына бала болмыста сіңуі, қалыптасуы тиіс мейірім сезімнің көрініс табуы еді.

Осы бір тыйымда біз айрықша назар аударған өсиеттің бірі «Қашан да қонаққа тиіспеу» ұстанымы-тұғын. Қонақ десе астындағы жалғыз атын атап сойып, алдындағы адал асын аузына төсейтін қазақ үшін бұл қағидаттың жүйесі де тым бөлек. Осыған қарап кейде мейманының ықыласына иіліп жастық, жайылып төсек болар, ықыласын уыстатып, пейіліне мейір қандырар жалғыз ұлт болса, ол қазақ болар деп ойлайсыз. Бақсақ атадан қалған аманат та сол екен. Таяз түсінікті, тасыр танымды сөгіпті сосын. Сөйтіп, қонақжайлықты баласының зердесіне құлын жасынан құйған дана қазақ тектілігін толықтырып отырыпты.

Өтейбойдақ ТІЛЕУҚАБЫЛҰЛЫ, «Шипагерлік баян» кітабының авторы.

Әңгіменің әуелгі жайы осы қонақжайлық дегеннен шығады. Ата-баба салт-дәстүрін негізге алған «Жеті жарғыға» жүгінсек, қазақ үшін қонақжайлық бұлжымас заң ретінде қабылданған. Ең қызығы онда қонақтың құқығымен қатар, қоналқы ауылға түспес бұрын атқарар, я ұстанар тәртіптері де нақты атап көрсетіледі. Айталық, жолаушы қонар үйді межеледі делік. Ал сонда ол түнеулік үйге қалай баруы тиіс дейсіз ғой, қонақ ауылдың сыртымен оң келуі шарт. Онда да төтелеп тартып, қотан-қораны жағалай өтуге болмайды. Сосын көңіл көншітер үйге жеткен жолаушы үйдің сыртынан жақындап, ата салтымен сәлемнің жоралғысын жасап, сонан соң барып «сөйлесетін кім бар-ау?!» деп дауыстайды. Бұл ретте, аталған жөн-жосынның мүлтіксіз орындалуы үй иесіне қонақтың көргенді-көргенсіздігінен, жетелі-жетесіздігінен хабар беріп, адамдық қасиетін мәлім етеді.

Ал, қонағыңыз көз байлануға таяп аңқалап-сусап, шаңырқап-шаршап атқа болдырып бой алдырып келсе, не қонғысы келетінін білдірмек болса, жол бойы кезіккен кез келген ауылдың сыртында аттан түсіп, ауылға қарап малдас құрып отырады. Оны байқап-бағамдаған ауылдың ата-салтына берік ұстанатын кез келген ашық қабақ, мәрт көңіл азаматы келіп шақыратын болған. Қонақжайлық дәстүрі бойынша құрметті қонақ келсе үй иесінің өзі аттан түсіріп, не балалары, әйелі, қызы қонақтың атын байлайды. Егер мейман ауылға жақындап, аттан түсіп, оны тұсап, өзі жаяу келсе ол да білгендіктің белгісі ретінде саналады.

Жетіге тиіспеу:

1. Көктемде көктеп келе жатқан өскінге тиіспеу;
2. Көктемде көбейетін жорғамаларға тиіспеу;
3. Көктемде көрінген қозғалғыштарға тиіспеу;
4. Көктемде көз ашпаған шикілікке тиіспеу;
5. Қай-қашан да қонаққа тиіспеу;
6. Қай-қашан да көршіге тиіспеу;
7. Қай-қашан да елшіге тиіспеу.

Бұл арада мәрттік турасында да, қазақтың меймандос психологиясы турасында да ауыз толтырып айтуға болады. Үй иесі алыстан бөтен адамның төбесі көрінгенін байқаса, үйіне қонақ түсерін бұрын болжап, ас-суын дайындап, дастарқанын қамдай бастайтын болған. Кей жағдайда қонақтың салауатына, жасының үлкен-кішілігіне қарай бата сұрар мал ыңғайлау мен қазан көтерудің қамына да алдын ала кірісер болған. Ең кереметі, осындай көңіліне, жомарттығына қайтарым етпей, қонақ ауылға түспей өтіп кетсе, ол жөн білмегендіктің, асырып айтқанда, басынғандықтың белгісі ретінде саналып, арты өкпе-ренішке ұласып жататын тұсы да болады. Көрдіңіз бе, әлемде асымды ішпей, қонағым болмай, ақ дастарқанымнан аттады деп ренжитін, тіпті ар сотына салатын жалғыз ұлт болса – ол тағы қазақ!

Осыдан соң қазақтың даналығына, баба тарихтың бай болмысты байламына таңғалмай көріңіз. Бүгінде екінің бірі үйіне қонақ келсе жаратпай тыжырынып, бырысып-тырысып құрғақ сылтаумен шығарып салса, бұрын да қонаққа мұндай қылық таныту ауылдың ақсақалдарының сынына ұшырап, көргенсіздік деп танылатын болған. Ал көргенсіз атанған адамның былайғы жерде ел алдында бетінің жарық болмасы, басының елге симасы тағы анық. Бұл қарапайым қағида – ел іші қариялар еншісіндегі сот деп танылса, ал бидің соты – өз алдына және бір мақаланың жүгін арқалайтындай-ақ әңгіме болар.

Бидің соты дегеннен шығады, атақты Әз Тәукенің «Жеті жарғысына» зер салсақ, кез келген қазақ үйі жолаушыға құдайы қонақ тамағын беріп, төсегін жайлауға тиіс деп көрсетілген. Алда-жалда, үй иесі шаңырағына түскен жолаушыға қонақасы беруден бас тартса, қонақ сол елдің биіне барып арыз айтып ат-тон айып алуға хақылы болған. Қонақтың бұлай үй иесінің айыбына орай ат-шапан айып алуының да өз себебі бар. Себебі, атам қазақтың: «Атамыз Алаштан қалған бөлінбеген еншіміз бар» деп келетін бір-ақ ауыз сөзі би сотында шешімді қашанда жолаушының пайдасына шешіп берген. Тек мұндай мүмкіндікке ие болудың бір-ақ сыры бар-ды. Ол мейманның қашанда қазақ болуы. Сонда ол «бөлінбеген еншісін» әманда даулай алатын болған. Бұдан әсте, өзге жұртқа қазақтың қонақжайлығы құр сөздің сықпыты деген сыңаржақ пікір тумауы керек.

Жақсылық аты – алғыс, қиянат аты – қарғыс екенін тануға жол ашатын Өтейбойдақ бабаның жетіге тиіспеуге, қырық бірге жұғыспауға ескерткен даналығы әр қазақтың санасында жатталуы тиіс.

Д. ӘМІР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Қала орталықтарынан шалғай орналасқан ауылдарда мәдениет саласының мәлім мөлшерде ақсап тұрғандығы жасырын емес. Әсіресе мәдениет ошақтарының, соның ішінде мәдениет үйлері мен кітапханалардың бүгінгі жай-күйі тіпті сын көтермейді. Бұл туралы талай мәрте биік мінберлерде айтылып, әкімдіктер тарапынан халыққа уағда берілгенімен, нәтижені көріп отырған біз жоқ. Алтайды айта жалыққан Жамал апамды қайдам, әйтеуір «мәдениеттен» мақұрым қалған ауылдағы ағайынның осы мәселені көтере-көтере мезі болған түрі бар.

МАҢ-МАҢ БАСҚАН МӘДЕНИЕТ...

«Күлтөбенің басындағы жиын» бұл ауылдарда мектептің аядай ғана акт залында, спортзалында өтеді. Әкім-қараның есеп беру жиынына да, кездесулерге де қарақұрым халықты осы бір залға лық толтырады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «нарық заманы» орын алып, мәдениет жайы кейінге ығысып қалған еді. Ал бүгін заман түзелді дегенімізбен, орнын түзер олқылықтар қатары аз емес.

Елімізде ахуалы көңілге медеу тұтуға келмейтін мәдениет үйлерінің қарасы көп. Біразының төбесінен су кетіп, ендібірі мүлдем ескірген ғимараттарда отырғанына біз куә. Ғимаратының өзі сын көтермей тұрғанда «Ауылдарда концерт неге қойылмайды?» деу ханның ерке қызының қиғылығына ұқсап кетер дейміз де, үнсіз көндігеміз.

Көп ауылдарда мәдениет үйі түгілі, жастар баратын, демалатын орындар мүлде жоқтың қасы. Соған сәйкес жастардың түрлі бұзақы әрекеттерге баруы да жиі кездеседі. Оның себебін түрліше жобалаймыз. Ал шындығында, кім көше кезеді, бұзақылық жасайды? Жауабы сол – айналысар ісі жоқ жасөспірім. Сондықтан бюджеттен қаржы бөлініп, ғимарат күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалғанда жұрттан бұрын қуанатын жастар болмақ.

Тағы айта кететін бір жайт, аудандық, ауылдық жерде өткізілетін шараларды көбіне мектеп оқушылары мен қызметкерлері ұйымдастырады. Олар: «Біздің еңбегімізге соқыр тиын да төленбейді. Уақытымыздың тығыздығын айтсақ, әкімді ортаға салып, міндеттейді» – дейді. Басқа-басқа директорынан бастап қарапайым қызметкеріне дейін бесаспап болуы керек мәдениет қызметкерлерінің мұнысына не деуге болады?

Тәуелсіздік алғанымызға 27 жылдан асса да облысымыздағы Іле ауданының орталығында аудандық мәдениет үйі жоқ. Үлкен көлемдегі жиындар мен есептер әлі күнге дейін көбіне Чапай ауылдық округіндегі мәдениет үйінде өткізіледі. Аудан басшылығы мәдениет үйін салуды сонау жылдардан бері жоспарлап келеді. Бірақ, «Құрғақ қасық ауыз жыртадының» керін киген уақыт болып тұр. Заманға сай мәдениет үйі жоқ аудан – ол қандай аудан демеске шарамыз қалмады.

Ал кітапхана жайы да ығыр болған мәселе қатарында. «Мәдениеттің мәйегі – кітап» екенін білгенімізбен, іске келгенде тағы да шорқақтық таныттық. Жалпы алғанда еліміздің қала және аудан орталықтарында орналасқан 4000 кітапхана бар. Ауылдағы кітапханалардың басым бөлігінде жеке ғимарат жоқ, әкімдік пен мектептен бір-екі бөлме бұйырған. Бірді-екілі бөлме болғандықтан кітаптарды орналастыру, сыйғызу, жарқыратып көрсету де оңайға соқпайтыны түсінікті. Ауылдардың саны көп, сондықтан кітапхананың жағдайы ретімен түзеле жатар деп ақтауға келеді. Ал аудандық кітапхана жоқ болса ше? Мысалы, Қаратал ауданының аудандық кітапханасы мектеп ғимаратында отырғанына не дей аламыз?

Өткен жазда еліміздің бюджетінен 100 млрд теңгеге жуық қаржы, оның ішінде Мәдениет және спорт министрлігінде 7,8 млрд теңге игерілмеді деп шуладық. Бәрі сай, бәрі дұрыс болып тұрып ақша игерілмей жатса мейлі. Желге ұшыратын есіл ақшаны осы аталған нысандардың құрылысына неге жұмсамасқа. Осы жайттар мәдени тұрғыдан дамыдық па, әлде рухани азу алдында сәл-ақ қалдық па деген сауал туындатады.

Жоғарыда аталған мәселелер жөнінде Алматы облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының баспасөз хатшысы Тастамбеков Нұрасыл Дәулетханұлымен әңгімелескен едік.

– Облысымызда «Рухани қазына» кіші бағдарламасы аясында қанша мәдениет үйіне күрделі және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде? Қанша мәдениет үйінің жобалық-сметалық құжаттамалары жасалды? Жалпы облыс көлемінде мәдениет саласына жыл сайын қанша инвестиция бөлінеді?

– 2019 жылы «Рухани қазына» кіші бағдарламасы аясында облыс аумағында 3 мәдениет үйіне қайта жөндеу және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Олар: Жамбыл ауданы Үңгіртас, Балқаш ауданы Құйған және Қарасай ауданы Шамалған ауылдық мәдениет үйлері.

2019 жылы облыс аумағында Ақсу ауданы Көшкентал; Алакөл ауданы, Үшбұлақ, Екпінді; Ескелді ауданы Ақын Сара, Көкжазық; Іле ауданы Чапай, Ақши; Кеген ауданы Жалаңаш, Қарқара, Бөлексаз, Тасашы; Кербұлақ ауданы А. Сарыбаев; Райымбек ауданы Қақпақ, Сарыжаз, Сүмбе; Ұйғыр ауданы Үлкен Ақсу т.б. ауылдық мәдениет үйлерінің жобалық-сметалық құжаттары дайындалуда.

Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдармаласы аясында «Еңселі ауыл – ертеңім» атты жобаны іске асыру мақсатында 2017 жылы Сарқан аудандық мәдениет үйінің, Жамбыл ауданының Мыңбаев ауылдық мәдениет үйінің, Талғар аудандық мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Сарқан ауданы Бақалы, Алакөл ауданы Бұлақты ауылдық мәдениет үйлері жаңадан ашылды.

2018 жылы облыс бойынша мәдениет саласының 4 нысанына күрделі жөндеу жұмыстарына қаражат бөлінді. Яғни, Қарасай ауданы Қаскелең қаласы аудандық кітапханасы, Сарқан ауданы Черкасск ауылдық мәдениет үйі және Ільяс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының қасбетіне күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Биылғы жылы Сарқан ауданы Черкасск ауылдық мәдениет үйі мен Кеген аудандық кітапханасы жүйеге қосылды. С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханаға қаржы бөлініп, ағымды жөндеу жұмыстары атқарылды. Кеген ауданы Алғабас ауылдық мәдениет үйінде және Балқаш ауданы Ақдала ауылдық мәдениет үйлерінде күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды.

Жалпы саланың 2018 жылғы жыл басындағы бюджеті 3 838,1 млрд теңге болса, жыл соңында 10752,9 құрады.

– «Ауылым – алтын бесігім» атты ауылдық мәдениет үйлері мен клубтары арасында өткен облыстық конкурс мәдениет үйлерін дамытуға қаншалықты септігін тигізеді?

– Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын басшылыққа ала отырып, халықтың рухани және эстетикалық сұранысын қанағаттандыру жолында облысымыздың барлық аудандарында, елді мекендерінде қолдау тауып, ауылдық мәдениет үйлері мен клубтардың жұмысын жандандыру мақсатында Алматы облысының әкімі Баталов Амандық Ғаббасұлының қолдауымен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының, облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен «Ауылым – алтын бесігім» атты ауылдық мәдениет үйлері мен клубтар арасындағы мәдениет күндері ұйымдастырылады.

Жаңа форматта бастау алған ауыларалық мәдениет күндерінің ережесіне сай облысымыздағы ауыл тұрғындарының мәдени бос уақытын ұйымдастыру, мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, Қазақстан халқы мәдениетін жандандырып дамыту, ауыл жастарының ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтары мен танысып, эстетикалық, рухани тәрбие алу бағытындағы жұмыстар бағаланды. Конкурсқа аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің ұсынысымен өз аймақтарындағы ең үздік деген екі, үш мәдениет үйлері мен клубтары қатысады.

Мәдениет үйлерінің жұмысын бағалаған әділқазылар алқасы ереже талаптарына сай 10 бағыт бойынша мәдениет үйінің сыртқы, ішкі безендірілуі және көгалдандырылуын, материалдық-техникалық жағдайын, мекемеге тиісті барлық құжаттарының жасалуы мен оның орындалуын, көркемөнерпаздар үйірмелері мен атағы бар ұжымдардың жұмысын, қолөнер шеберлерінің көрмесін, мәдени іс-шаралардың өткізілу деңгейін, тұрғындармен қамтылуын, кадрлардың сапалық құрамы және «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жас мамандардың тартылуын, жарты сағаттық концерттік бағдарламаның сапасы мен жалпы ұйымдастыру жұмыстарын саралап қорытындысын шығарады.

Нәтижесінде мәдени-көпшілік шараларды жоғарғы деңгейде өткізіп, «Үздік» деп танылған ауылдық мәдениет үйлері облыс әкімінің Алғыс хатымен, дыбыс аппаратурасымен, компьютермен және 300 мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды. Сыйлықтар мәдениет үйлерінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында берілді.

– Іле ауданының орталығында аудандық мәдениет үйі әлі күнге жоқ. Алдағы уақытта ғимарат салу жоспарланып, құжаттары дайындалу үстінде дейді. Бұл қаншалықты рас?

– Өтеген батыр ауылында аудандық мәдениет үйін салу үшін Қуат шағын ауданы Қапал батыр көшесінен 0,410 га жер телімі бөлінді. Жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстарды бастау үшін 2017 жылғы 31 шілдедегі №467/17-13 келісімшартқа қол қойылды. Қазіргі уақытта «Қазақ жобалау құрылыс» ЖШС жобалық-сметалық құжаттама дайындауда. Іле ауданының өңірлік әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына сәйкес жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу аяқталғаннан кейін 2020 жылы мәдениет үйінің жаңа ғимаратын салу жоспарлануда.

– Ал Қаратал ауданының аудандық кітапханасы мектеп ғимаратында отыр. Жаңа ғимаратқа қашан көшеді?

– Бүгінгі күні Қаратал аудандық кітапханасының 48 мың дана кітап қоры, 2 мыңнан аса оқырмандары бар. Өзінің арнайы ғимараты болмағандықтан, Үштөбе қаласындағы А. Пушкин атындағы орта мектебінде 270 шаршы метр көлемінде уақытша орналасқан.

Аудан әкімдігінің теңгерімінде тұрған аудандық кітапхана ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттары әзірленіп, 2014 жылғы 14 наурыздағы №18-0166/14 мемлекеттік сараптамасы алынған.

Тиісті жөндеу жұмыстары жүргізілген жағдайда аудандық кітапханада кітаптарды сақтайтын қоймалар, медиатека, оқырмандар залы, кітаптарды қабылдау бөлмесі, кітапхананың шаруашылық құралдары мен техникасын сақтайтын арнайы бөлмелер, мамандардың кабинеттері іске қосылады. Орталықта орналасқан бұл ғимарат қала келбетін келтіріп, халыққа қызмет көрсетері анық.

ТҮЙІН:

Тоқырау жылдары талан-таражға түскен талай мәдениет ошақтары қайта қалпына келтіріліп жатқанын жоққа шығармаймыз. Десе де, ғимараттардың талапқа сай болмай, тозығы жетуі мәдени шараларды тұрақты өткізуге кедергі.

Қараша қауымның: «Есеп бергенде «бәрін қатырамыз» дейді де, артынша бәрі ұмыт қалады» – дегеніне «көз үйренді, құлақ естіді» деп жүре беруді тоқтататын уақыт әлдеқашан жетті емес пе?

Сергей Капицаның «Адамдарға мәдениетті таяқпен болса да үйретуіміз керек, әйтпесе күйрейміз» деген пікіріне зер салыңызшы... Бұдан шығатын қорытынды: экономикалық, әлеуметтік жағдайымыз қанша жерден мықты болғанымен ұлттық құндылығымыз құлдыраса еш биікке жетпейміз. Сондықтан мәдениет мекемелерінің бүгінгі жай-күйі айрықша көңіл бөлетін әрі уақыт күттірмейтін межелі мәселе болуы керек.

Жоғарыда аталған шаралар есеп үшін емес, ел үшін жасалып, заманға сай жабдықталған руханият ошағында халықтың көңілінен шығатын сан алуан шара өткізуге мүмкіндік туады деп сенім білдірдік. Сонда ғана материалдық байлық рухани байлықтың алдына тұрақтамайды. Мәдени өмірге жаңа серпіліс қажет-ақ...

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ.

Дүйсенбі - Понедельник, 25 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Senbilik tan»
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 02.55 «HIT QAZAQSTAN»
11.00 «Apта»
12.05, 21.50 Т/х «ТОПЫРАҚҚА ТАМҒАН ТЕР»
13.00 «Kunnen tygan balamyn»
13.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 22.50 «Ертұғырыл»
17.00, 20.30, 02.30 «Ұлы даланың жеті қыры»
17.30 «MENIN QAZAQSTANYM»
18.05 «BALANYN KONILI…»
18.20 «Konil tolqyny »
18.40 «SERPIN»
20.00, 00.30 AQPARAT
20.55 «QAREKET»
23.50 , 03.45 «TUNGI STUDIO»
01.00 Телехикая «Достар»
01.25 Т/х «Қалампыр»
02.00 «Ұлт мақтанышы»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00 «Джинглики»
10.30 «Гламур для дур»
12.10, 01.10 «Көктем ырғағы»
13.10 «Махаббат кафесі»
15.00 «Давайте говорить!»
15.50 «Чарли и шоколадная фабрика»
17.50 «Алашұлы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Алма туралы аңыз»
21.00 Итоги дня
21.30 «Тұмар» ұлттық телевизиялық байгесі
23.10 «Ән аға»

АСТАНА

06.00, 03.30 «KazNet»
07.00,21.00 «Таңдауым сен»
08.00 Мультфильм
09.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00 «Красные браслеты»
13.00 «Келинка тоже человек»
15.20 Қуандық Рахымның фильм-концерті
17.00 «Алдар көсе»
18.00 «№309 түрік телехикаясы»
20.00 «Келіндер жобасы»
20.40 «Қаламгер»
23.00 Т/х «Келін бақыты»
00.00 «Қара нан»
01.00 «Көріпкел»
02.00 «Сырты бүтін...»
02.30 «Күлдірген»
03.00 «Ой мен ойын»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ӘН ДАРИЯ»
06.50 «ТАМАША City»
07.40 «TAMADA BATTLE»
08.35, 04.05 «Ұшқалақ»
09.00 «Четыре кризиса любви»
11.00 «Добрый вечер, Казахстан! »
12.00 «Қалаулым»
15.00 «Лучше всех»
15.45 «Разлом Сан-андреас»
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
18.45 «Махаббатпен, Астана!» концерті
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 «Невский »
22.00 «П@УТИНА»
01:45 Ночной кинотеатр «А у нас во дворе»
02.25 «Жить здорово»
03.15 «Модный приговор»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 17.30 «М ерекелік концерт»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.00 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.20 «Осторожно, корова!»
11.50 «Пока смерть не разлучит нас»
15.40 «Ұлы дала комедиясы»
18.00 «Ән мен әнші»
21.00 «Через беды и печали»
01.00 «Министерство правды»
01.45 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.00-04.00 «Тағдыр қосқан асыл жар»

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі
07.30 Концерт «Сағындырған әндер-ай»
09.00 Апта (қаз)
09.50 Ән әлемі
10.00 Апта (рус)
10.50 Спорт тайм
11.15 Полиция қызметі
11.50 Ән әлемі
12.00 Зерде
12.50 Д/ф «Путь истины»
13.25 М.Егінбаевтың шығармашылық кеші
15.20 Ән шырқайық
16.10 Д/ф «Ұлы айдаһардың ұрпағы»
16.45 Ем болсын
17.00 Д/ф «Чудо в степи»
17.35 Organic Life
17.50 Концерт «Три баритона»
18.45 Organic Life
19.00 Құтты қонақ
20.00 Бай қуатты болайық
20.30 Парасат Б.Нұржекеев
21.00 Туржорық
21.25 К/ф «Самырсын»
Сейсенбі 26 наурыз

31 КАНАЛ

05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
06.00, 12.00, 04.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
07.30 Ризамын
08.30, 01.20 «WhatsUp?»
10.00 «В поисках дори»
15.30 «Маша и медведь»
16.30 «В гости к Робинсому»
18.30 «Город героев»
20.30 «Головоломка»
22.20 «Әзілдер жинағы»
02.00 «Келіндер байгесі»
03.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
06.45 «Наурызда бастық боламын»
09.00 «Юморина»
10.50 «Шпион по соседству»
12.50 «Сұлу қыз бен құбыжық»
15.00 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 «Келинка Сабина. Правдивая история»
19.00 «Келинка Сабина -2»
21.00 Лотерея 777
21.05 «Q-Eli»
21.40 Х/ф «Той любой ценой»
23.50 «Спецотряд Кобра 11»
01.00 «Юрмала»
03.00 Т/х «Элиф»
03.45 «Өз ойым»
05.00 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 26 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
10.00, 02.35 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 «Роботкөлік Поли»
11.15, 17.50 «Kim bilgir?»
12.05, 21.50 Т/х «Топыраққа тамған жер»
13.15 «Beinesaz»
13.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 22.50 «Ертұғырыл»
17.15, 02.25 ELDEN HABAR
17.30, 04:00 «Jan jylyy»
18.35 «KONIL TOLQYNY»
20.55 «QAREKET»
23.50 «TYNGI STUDIO»
01.20 Т/х «Достар»
01.50 Т/х «Қалампыр»
03:25 «TUNGI STUDIO»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00 Х/ф «Чарли и шоколадная фабрика»
12.10 «Бабалар ізімен»
12.40 «Қайсар жандар»
13.10 Т/с «Позднее раскаяние»
15.00 «Давайте говорить»
15.45, 00.10 «Кеңесшілер»
16.45, 01.10 «Тағдыр тартысы»
17.15 «Ұлы дала өркениеті»
18.00 «Народный контроль»
18.15 «Ережесіз әңгіме»
19.00 Т/х «Бәсеке 2»
19.30 «Өз үйім-2»
20.00, 23.40 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Бөрі»
22.20 «Королева ночи»
23.10 «Бетпе-бет»
01.40 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
07.00, 21.00 «Таңдауым сен»
08.00 Мультфильм
09.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00 «Красные браслеты»
13.00 «Райское место»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.15 «Moneytime»
14.40 «Айналайын, Атамекен – ақ мекен»
17.00 «Алдар Көсе»
18.00 «№309 түрік телехикаясы»
20.00, 02.00 «Жаңалықтар»
20.30, 02.30 Новости
23.00 Т/х «Келін бақыты»
00.00 «Қара нан»
01.00 «Көріпкел»
03.00 «Ой мен ойын»
03.30 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Давай поженимся»
06.50«Той заказ»
07. 05, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «По ту сторону волков»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 Т/с «Спецназ»
16.55 «Пусть говорят»
18.45 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Невский»
22.00 «П@УТИНА»
01.30 «А у нас во дворе»
02.25 «Жить здорово»
03.15 «Модный приговор»
04:05 «Ұшқалақ»

КТК

07. 05 Т/х «Қайсар жесір»
08.00 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.20 «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
11.20 «Через беды и печали»
15.00 «Махаббат әлемі»
17.10 «Мерекелік концерт»
18.00 «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Осинное гнездо»
01.40 «Министерство правды»
02.30 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.50-04.30 «Тағдыр қосқан асыл жар»

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпараттысазды бағдарлама
09.00 Концерт «Өнерім менің өмірім»
10.10 Ем болсын
10.30 Бай қуатты болайық
11.00 Д.ф «Искусство пространства»
11.30 Д/ф «Көктеммен қауышу»
12.00 Концерт «Тәуелсіздік тірегім»
12.50 Туржорық
13.10 Құдайбергеновтардың шығармашылық кеші
15.15 Д.ф.»Этот странный мир»
15.40 Д/ф «Мен Абайды әке деймін»
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Тұжырым
19.30 «Оқырман» әдеби клубы
20.15 Net.laik
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тарих парақтары
21.30 Новости
22.00 Концерт «Алтын таяқша»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00 «Туған үйім тірегім»
10.00 «Маша и медведь»
12.30 «Жігіттер»
14.30 М/с «В гости к Робинсонам»
16.30 «Головоломка»
18.30 Т/с «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 «Махаббатым, кеш мені!»
23.00, 04.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
23.30 «Блондинка в законе – 2: Красная, Белая и Блондинка...»
01.20 «WhatsUp?»
02.00 Келіндер бәйгесі
03.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00, 13.30, 21.05 «Q-елі»
09.00 «Той любой ценой»
10.50, 01.10 «Юрмала»
14.00 «Бастық боламын»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 «Мой лучший враг»
17.45, 23.50 «Спецотряд Кобра 11»
18.50 Т/х «Жаңа келін»
20.00, 03.00 «Элиф»
21.00 Лотерея 777
21.40 «Мажор-2»
05.00 «Жеңіп көр»

Утерянное юридическое дело ТОО «Ком-Эн» считать не действительным.

Сәрсенбі - Среда, 27 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.30 AQPARAT
10.00, 02.35 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 «Роботкөлік Поли»
11.15, 17.50 «Kim bilgir?»
12.05, 21.50 Т/х «Топыраққа тамған тер»
13.15 «Beinesaz»
13.35, 19.10 Т/х «Іздедім сені»
14.25 «SHANYRAQ»
15.55, 22.50 «Ертұғырыл»
17.15 ELDEN HABAR
17.30, 03.55 «AQSAYYT»
18.35 «Konil tolqyny»
20.55 «QAREKET»
23.50, 03.25 «TYNGI STUDIO»
01.20 Телехикая «Достар»
01.50 Т/х «Қалампыр»
02.25 «Elden Habar»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұран
06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.00 Т/х «Бәсеке 2»
10.30, 19.30 «Өз үйім-2»
11.10, 22.20 «Королева ночи»
12.10 «Важно знать »
12.35 «Қайсар жандар»
13.10 Т/с «Позднее раскаяние»
15.00 «Давайте говорить»
15.50, 00.30 «Кеңесшілер»
16.50, 01.30 «Тағдыр тартысы»
17.30 «Өмір жолы»
18.00 «Біздің назарда»
18.15 «Ережесіз әңгіме»
20.00, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 «Бөрі»
23.10 «Ұлы дала өркениеті»

АСТАНА

06.00, 20.00, 02.00 «Жаңалықтар»
06.30. 20.30, 02.30 Новости «20:30»
07.00, 21.00 «Таңдауым сен»
08.00 Мультфильм
09.00 «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00 «Красные браслеты»
13.00 «Райское место»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.15, 14.40 «Moneytime»
15.00 «Шәші әндерінің кеші»
17.00 «Алдар Көсе»
18.00 «№ 309 түрік телехикаясы »
23.00 Т/х «Келін бақыты»
00.00 «Қара нан»
01.00 «Көріпкел»
03.00 «Ой мен ойын»
03.30 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Давай поженимся»
06.50 «Той заказ»
07.15, 18.00, «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «По ту сторону волков»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «На самом деле»
15.55 «Спецназ»
16.55 «Пусть говорят»
18.45 «Пендемія ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Невский »
22.00 «П@УТИНА»
01.30 Ночной кинотеатр. «А у нас во дворе»
02.25 «Жить здорово»
03.15 «Модный приговор »
04.05 «Ұшқалақ»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.00 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.20 Новости
10.00 «Женский доктор»
11.00, 21.40 «Осинное гнездо»
15.20 «Махаббат әлемі»
18.00 «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
01.40 «Министерство правды»
02.30 Т/х «Сүйікті Дениз»
03.50-04.30 «Тағдыр қосқан асыл жар»

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ән әлемі
10.10 Ем болсын
10.30 Тұжырым
11.00 Тарих парақтары
11.30 Д/ф «Пустыня живет»
12.00 Шашу
12.50 Цикл «Тарих»
13.00 «Оқырман» әдеби клубы
13.50 Д.ф «Что? Где? Когда?»
14.20 Концерт «Золотая россып романса»
16.25 Д.ф. «Алтай тауларының табиғаты»
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Құтты қонақ
20.15 Ән әлемі
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 Д/ф «Сахнаға сапар»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40,06.00,12.30 Сериал «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «ИНФОРМБЮРО»
08.00 Х/ф «Блондинка в законе – 2: Красная, Белая и Блондинка...»
10.00 «Маша и медведь»
10.30, 21.00 «Махаббатым, кеш мені»
14.30 «Алладин»
15.30 «Воронины»
18.00 Т/с «Кухня»
23.00, 04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
23.30 «Петля времени»
01.40 «WhatsUp?»
02.30 Келіндер бәйгесі
03.30 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00,19.00 «Жаңа келін»
09.00 «Мажор-2»
11.15, 01.00 «Юрмала»
13.30, 21.05 «Q-елі»
14.00 «Бастық боламын»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 «Мой лучший враг»
17.45, 23.50 «Спецотряд Кобра 11»
18.50 Лотерея 6/49
21.00 Лоторея 777
21.40 «Мажор-3»
23.50 «Спецотряд Кобра 11»
05.00 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚОШ КЕЛДІҢ, әз Наурыз!

Әр қазақтың асыға күтетін мейрамы – Наурыз. Бұл уақытта күн жылынып, айнала гүлге толып, адамдар да құлпыра түседі. Күн мен түн теңелетін, жер жаһанға шаттық пен қуаныш сыйлайтын, ізгіліктің нұры төгілетін мейрамының және бір ерекшелігі – бұл күні жақсы тілек тілеу, араз ағайынмен жарасу, табысу секілді адамгершілік қасиеттер көрініс табады. Осының өзі адам баласын жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баулайды.

Наурыз мейрамы – ең алдымен қазақтың мәдени мұрасын ұлықтап, ұлттық құндылықтарымызды ерекше қадірлеудің жарқын жолы. Түркі халықтарында жаңа жыл көктем мерекесімен бірге басталады. Яғни, 22 наурыз – Жыл басы.

Наурыз – діни мереке емес, бағзы заманнан қалыптасқан бүкілхалықтық Жаңа жыл. Оны Иран, Ауғанстан, Үндістан, Кавказ және Орта Азия халықтары төл мерекесі ретінде тойлайды. Алайда, «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» демекші, дәстүр өзгешелігі де орын алған.

Жас келіндер, бойжеткендер болса, кесте, орамал тігіп, бозбалалар жағы ағаштан тұрмыс бұйымдарын жасап, темірден сәндік бұйымдарын соққан. Мұның бәрі – күн мен түн теңесетін шақта көдеге асатын «ұйқыашар», «селт еткізер» жоралғыларының сыйтартулары. Көктемгі «әліара» өтісімен, ата-бабамыз үй айналасын тазартып, қалың қар тігісі сөгілген жайылымға мал шығарған. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй аурусырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сенім бойынша, үй-ішін де қағып-сілкіп, отпен аластайды.

Ондай болса, арайлап жеткен Әз-Наурыз мейрамында ақ мол болып, жылымыз ырысты болсын. Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, бейбітшілік пен келісімнің арқауы болған Ұлыстың Ұлы күні жанұяларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін!

Осы орайда 22 Наурыз мейрамына байланысты бірнеше қызықты деректерді назарларыңызға ұсынбақпыз.

1. Наурыз мерекесі – әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы аталып өтілуде. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді.

2. Бұрынғы қариялар 22 наурызды «Қызылбастың наурызы» дейді екен (Қызылбас – Иран, бұрынғы Парсы елінің қазіргі атауы). «Наурыз» сөзі парсы тілінен шыққан, «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы наурыз демей, Амал деген.

3. Наурыздың дәстүрлі тағамы – «Наурыз көже». Ол жеті түрлі азықтық заттан тұрады. Жеті деген сан аптаның жеті күнін бейнелейді, бұл санның мағынасы терең. 7 санға байланысты әдет-ғұрыптар бар. Наурыз мерекесін тойлау кезінде, ақсақалға наурыз көжеге толы жеті кесе ұсынылады. Наурыз кезінде әр адам өз үйіне 7 қонақты шақырып, өзі де 7 үйге жолығады. Өзбекстанда «Сумалақ» – наурыз көжеге ұқсас тағам дәстүрлі болып саналады. Ол да жеті азықтық заттан әзірленеді.

4. Наурыз мерекесі XVIII ғасырға дейін Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, Ұлыбританияда аталып өтіліп, 1700 жылға дейін ежелгі Русьте тойланып келген деген дерек бар. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және орта ғасырлық жазушылардың еңбектерінде кездеседі.

5. Наурызды тойлау тарихы Ұлы Абай өзінің «Біраз сөзі қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың «хибиғи», «хұзағи» деп аталатын көне заманына ұштастырады. Парсының «нау» сөзі әр түрлі өзгерістерге ұшырағанымен, сол мағынада көп халықтың тілінде сақталып қалған. Ол орысша нов (ай), немісше нойе, латынша нео. Осылайша «нау» сөзі үнді-еуропалық халықтар дараланудан да бұрын пайдаланылған.

© e-history.kz

Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

ЖАҢА ЖЫЛ

НҰР СЕБЕЛЕ, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Наурыз мейрамы – көктемгі жаңарудың, ырыс пен ынтымақтың, татулықтың мерекесі. Ұлыстың ұлы күні елдің бірлігі бекіп, елдік мұраттар сабақталады. Ағайын өткеннен қалған өкпе-назын ұмытып, төс қағысып сәлемдесіп, бір дастарқаннан дәм татады.

Осы күні табиғат ұйқысынан оянып, жер дүние жаңарады. Әз Наурыз келгенде төрт түлік төлдеп, дастарқан аққа толады, елдің мерейі үстем болып, жер үстінде шаттық тойы, береке тойы басталады. Орта Азия халықтарында бес мың жылдан бері Наурыз мейрамының тойлануы да сондықтан.

Осы орайда С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасы және Көркемөнер галереясының ұйымдастыруымен «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» тақырыбында мерекелік қонақжай өтті. Шараға Мәдениет басқармасына қарасты мекеме басшылары, қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері, кітапханашылар, суретшілер, БАҚ өкілдері, оқырмандар қатысты.

Алғашқы сөз Алматы облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Көлбаев Марлен Қапашұлына берілді.

– Құрметті қонақтар, Наурыз мейрамы құтты болсын! 14-22 аралығында Мәдениет басқармасына қарасты әр мекеме көрісу күнін тойлап, салт-дәстүрлерімізді насихаттауда. Басқарманың қызметкерлері бастап, театр ұжымы, ардагерлер ұйымының ақсақалдары, әжелер кеңесі қостап, аяз ата мен ақшақарды емес, өзіміздің Қыдыр атаны танытуда. Шара барысында ұлыстың ұлы мейрамымен құттықтап, көрісу күнінің мағынысы түсіндірілді. Сондай-ақ шашу шашылып, бата берілді. Құндылықтарымыз насихатталып, ән мен күйіміз қазағымыздың ашық аспаны астында шырқалды. Ұлттық өнеріміздің бір жауһары ұлттық билеріміз тербетіле биленді.

Басқарма атқарып отырған игі бастама жылдан-жылға жалғасын тапсын дейміз. Жаңа жыл әр отбасыға береке мен жақсылық, молшылық табыс әкелсін! Денсаулықтарыңыз мықты болсын! Әрбір өткен күніміз мерекелі-берекелі болсын! – деп ізгі тілегін білдірді.

Мерекелік кеш барысында халқымыздың ежелден келе жатқан «көрісу», «шашу», «аластау», «құрсақ шашу», «бесікке бөлеу» сынды салт-дәстүрлері орындалып, театрландырылған көрініс көпшілік назарына ұсынылып, Қыдыр ата бата берді.

Сонымен бірге облыстық кітапхана директоры Ғалия Сламбайқызы келген қонақтарға қонаққәде тарту етті. Келіндердің сәлемін ұсынған композиция ерекше қошеметке бөленді.

Әжелер тобы «Қазақтың дастарханы», ҚР Мәдениет саласының үздігі Мәншүк Тұрсынғазина «Наурызым – мерекем», Халықаралық байқаулардың лауреаты Құралай Шаяхметова «Біздің елдің жігіттері», ҚР Мәдениет қайраткері, Абылайхан Хармысов «Жыр сұлуы – Жетісу» т.б. әндерін тамылжыта шырқады. Абай атындағы №1 орта мектеп-лицейінің 7-сынып оқушылары «Кесте», Талдықорған құқық, бизнес және технологиялар колледжінің 1-курс студенттері «Оймақ» биин нақышына келтіре орындады.

Келген қонақтарға мол дастарқан жайылып, ет тартылды. Мерекелік кештің ең негізгі символы – Наурыз көже ұсынылды. Кеш соңы мерекелік концертке ұласып, жиылған қауым көтеріңкі көңіл-күймен тарады.

Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ.

НҰХТАН ЖЕТКЕН НАУРЫЗ КЕЛДІ, АҒАЙЫН!

Ел-жұртымның аузы аққа, малымның аузы көкке тиіп, нұрдан тамшы төгілген наурыз келді, ағайын! Жеті қат жердің көкірегін балқытып, Жетісуға замартастан көйлек кигізіп, аңыз қаланы самал желге сүйгізіп, тау біткеннің төбесін көкке тигізіп, құт мекеніме берекені үйгізіп жетті бұл Наурыз! Тамырын тереңнен тартқан осынау мейрам бүкіл түркі жұртының берекесі мен бірлігін, татулығы мен тұғырын нығайтып, риясыз шаттыққа кенелтеді. Самарқанның көк тасын ғана емес, жүрек дейтін бір жұмыр еттің тоңын мейіріммен жібітіп, жабырқаулы жанарды жадыратқан жаңа жыл халқыма жақсылығын әкелгей.

Наурыз – тек көктемнің ғана емес, ең алдымен ізгілік пен жақсылықтың мерекесі. Ұлыстың осы бір ұлы күні жер бетіндегі зұлымдық біткен тоқтатылып, өкпе-реніштер ұмытылып, ымыраға келіскен.

Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін Табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз үшін Наурыздың орны қашан да бөлек. Құрметті оқырман! Олай болса, Наурыз мерекесі баршаңызға сүйіншілей жеткен жақсылықтың жылы болғай. Шаңырағыңыздан ырыс арылмай, молшылық тек сіздің үйге үйір болсын! Үй іші жаңға толып, әрқайсысының несібесі арта берсін. Босағаңызға бақ орнап, татулық пен береке салтанат құрсын. Еліміз қашан да бейбітшілік бесігінде тербеліп, тәуелсіздігі мығым ел болғай. Ұлыс оң болсын, ағайын!

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚҰНДАҚБАЙ

Ұзақбай ДОСПАНБЕТОВ

Бұлғақбай Білдебай баласы уәдесінде тұрды. Бір апта өткенде өзінің жан досы Құндақбайдың от жаққан жеріне қайта соқты. Екеуі жылап көрісті. Бұлғақбай ер үстінен жансыз бөренедей аунай құлағанда жақын тұрған Мыржақбай ат тізгінін әрең қолына іліктірді. Ал Құндақбай арқан бойындай ашық жерді домалаңдап, сүрінеқабына әрең еңсерді. Бұлғақбай өзінен бойы аласа, тығыршықтай Құндақбайды жас балаша көтеріп алып иығына салмақтай оның төбесінен төне арқасына, бөксесіне қолдарын жүгіртіп, мықтап қармар жері қайсы дегендей сипалақтады.

– Ау, өлгенде жолықтырған, шығарда жаны бір тілеулесім, құдайдың өз қолымен құйып жасаған пендесі Құндақбайым, бармысың, жоқпысың, қайдасың?!

– Ау, сахара, сайын даланың сауырын тұяғымен тілген боз киігім, Исфаһани қылыштай өткір асылым, абзалым, Бұлғақбайым, өзің аман-есенбісің?! Сені күте-күте ішқұса болып, көңіл шерге толды ғой! Сағыныштан сарғайдық қой! Заман болса мынау! Осыншама сарғайтармысың?!

Енді бірін-бірі құшақтап, күш сынасқан палуандарша теке тіресіп, ұзақ шайқалысты. Дауыстары тіпті жаман, өгіздей өкірісіп, кәдімгі бір жаманшылық үстіндегідей үйдің айналасын азан-қазан етті. Әке-шеше, қатын-қалаш, бала-шаға, айнала туысқан жауда кетіп, соларға ара түсе алмаған қос бейбақтай енді елге қарар бетіміз жоқ дей ме, басы-көздерін бір-бірінің қойын-қонышына тықпалай берді. Бұлардың осы тұрысын үйден шыға келген абысын-ажынды Ақтолқын мен Нұрсұлу да көрген. Алғашында алпамсадай еркектердің жас балаларша теке тіресе еңкілдеуінен бұл екі келіншектің де көздеріне жас іркіліп еді. Тек арық та аппақ ашық өңді Ақтолқын тез қайрат тапты:

– Ау, асыл қайнаға-ау! Сізді адам түгіл аң мен құстың тілін меңгерген, аю мен қасқырды өрістегі малындай қайырған қасиетті жан атайды. Атқан оғы мүлт кетпес мергендігіңіз өзінше бір жыр. Ал домбыра ұстап күй тартқанда қу ағашқа жан бітіргеніңізді өзіміз көрдік. Ал мына Құндақбай iніңізді де тілінен шырасы тамғандар дәріп қылғанда аяғын жерге тигізбейді. Сөйткен сіздер, жапан түзде шөліркеп құлаған, әлгі қақырығы түтеп, тұрасы таусылған дейтін шерменде шалдарға ұқсап, өксулеріңізге жол болсын! Бұл не, жарқындарым, түсінсек бұйырмасын. Жаман ырым ғой бұл! Онсыз да үйдегі екі нәрестенің әлі де пәлендей беті қараған жоқ! Тыйыңыздар бұл қылықты! Қатын екеш қатын біз де көріп жүрміз бұл тірліктегі әпселеңді! Басқасы былай, сіздер біз босаңсысақ бізге басу айтатын ұлы тұлға – ер азамат емессіңдер ме?

Ақтолқын сөздерінің соңында әлгі басында күндік орамалы бар кексе тәуіп әйел де үйден шығып тұрған. Ал Мыржақбай мен Нұрсұлу өздерін әлдекім қытықтап күлдіргендей мәз-мәйрам болысты. Шындығында, бұлардікі күлкі емес, бұлардікі осы өздерінен теріс айналғандай көрінген күндердегі Ақтолқын жеңгелеріне деген керемет ризалық сезімнің бұрқ еткен тепкіні еді. Ия, бұл шақта Ақтолқын жеңгейдің бәрінен де шоқтығы биік шыққандай. Бұлғақбай мен Құндақбай тез тынышталды. Бір-бірінен құшақтары ажырағанда бұлардың ең алдымен көздеріне іліккен жан әлгі есік сыртындағы күндік орамал тартқан тәуіп әйел еді. Басқасы басқа, ең алдымен сол әйелден ұят-ау дегендей екі марғасқа күйбежектеп, қолдарын қайда қоярға білмей аз-кем уақыт оздырды. Үй сыртында қара қос тігілген, Құндақбай өз қонағын солай қарай ертіп әкетті. Бұларға Мыржақбай ілесті. Үшеуі жайғасып та үлгермеді, осы ауылдағы Құндақбайлардың жақын туысы Қожақмет, әйгілі қуақы Кенжебек, кешегі Сарыөзекке бірге барған Жүнісбай мен оның әкесі Жәкіжан және Құндақбайдың осындағы «қандыкөйлек» достарының бірі, әрі өзіне туыс, құрдас Құлжатай сау етті.

Уақыт кіші бесіннің шағы еді. Жас жігіт Жүнісбай қара қосқа кірген жоқ, сыртта әйелдердің қасында қалды. Кішкентай егізектерге дәрі беретін уақыт таяған. Ал кішкене қара қостағылар үйме-жүйме болып бір-ақ құлады. Ашық түңліктен түскен жарық бәрінің бет-әлпеттерін ашып-айыруға жарап-ақ тұр. Алғашында қуақы Кенжебек тамыры күдірейген мойнын созғылап, сақалды иегін шошаңдатып бәрін билеп-төстеп кететіндей көрінген:

– Әй, апиыншы қаңлылар! Сыртта саққұлақ қатындар көкірегіміздің сырылына дейін естіп тұр. Бүйтіп бой жасырғанша далада көлеңке тауып, сонда жайғаспадық па? Мынауымыз Қожанасырдың тірлігі ғой. Естеріңде ме, Қожанасыр жарықтық...

– Ау, Кенжебек аға! – деп, Құндақбай өзінен он жастай үлкен қуақының сөзін күрт бөлді. – Қожекеңнің құлағын кейін шулатыңыз, бүгінгі әуен басқа, біздің қатындардан жасыратын түгіміз қалған жоқ, ер-азаматтардың абыройы ашылған күн. Мына замана бәрімізді басып-жаншып барады. Не қайрат қылуға, не ақыл табуға дәрменсізбіз. Қатындар бәрін көріп-біліп отыр. Өтірік бұқпантайлайтын түк жоқ, қайта олар да барлық жайдан құлағдар болып, тары түйіріндей амал-айла қарастыруға септесер. Ауытқымай төтесінен тартайық, көп сөз көпірме, қысқа да нұсқасына көшейік!

Бәрі сап тыйылды. Қостағылар бір-бірін көздерімен адақтап бірінші кезекте кім өз ішек-қарнын ақтарады дегендей аңдысу басталды. Құндақбай:

– Мен шаңырақ иесі ретінде ең әуелі тау асып жеткен үлкен атаның баласы Бұлғақбай аға лебізін тыңдауды қалар едім! – деді.

Бұлғақбай жантайған жатысын бұзып, шаж етті:

– Құндақбайым! Әнеукүні сенің Сарыөзекке кеткеніңді естігенмін! Сарыөзектің іші-сырты орыс және орыстың шен-шекпенділері дейді. Көңіліңе келмесін, сенің бет-әлпетің де сап-сары, көзің де көк, әрі олардың тіліне де жетіксің, бізге келер барлық нәубеттің тықыры сол Сарыөзекте темірмен темірді қаққылағандай құлақ жарады дейді. Сен қайтсе де солардан бір сыр тартқан шығарсың, сонымен бөлісші, жарығым дейін!

Құндақбайдың көз алдында әнеукүнгі орыс офицері Фома Ларионыч Клещовтың сырықтай тұлғасы өсіп шыға келді. Сондағы әсер, сол орыстан естіген-білгендері, басқалары түйдектеле мұның ой-санасының әптер-тәптерін шығарды. Құндақбай алғашында сөзді неден бастарын білмеді. Мұның ойлауына аса көп уақыт шығындалған да жоқ еді, кенет Құндақбай үйінің ауласы аттысы-жаяуы аралас басқа бір ат-көпір жұртқа толды да кетті. Бұлғақбай Білдебай баласы бұл өңірде біршама атышулы адам. Әсіресе, оның тап соңғы кезде ғана Қытайға барып бір жарым ай тұрып қайтқан оқиғасы мұндағылардың біраз ықыласын оятқан. Ол Қытайға бұл Қоғалы өңірінен де барып қайтқандар баршылық қой, солардың бірі мына Құндақбайдың өз басы. Тек мынадай бүгінгі жаңалық кешегі жаңалықты басып-жаншып жоққа айналдырған құбылмалы заманда Құндақбайдың сапарлары әріде қалған, сыртын тот басқан дүниелікке ұқсап тұр ғой. Себебі, бұл – 1928 жыл Қытайға қарай жаппай ауа көшу мүмкіндігі хақындағы әңгімелердің өкпек желдей ұрып тұрған кезі. Енді сол мүмкіндіктің оттан суырылған қоламтадай күйін көргісі келеді бұл жұрт.

Бұл ғана емес, Бұлғақбайдың әкесі Білдебай бес ағайынды, ең үлкені Білдебай да, кейінгілері – Жидебай, Нұрлыбай, Жайлыбай, Сайлыбай боп келеді. Бұлардан тараған балалардың өздері егер бастары қосылса жер қайысқан қолды құрайды. Шеттерінен сайдың тасындай, еті тірі, малды-жанды, ауқатты жігіттер. Шаған, Қотырқайың тауларын ары-бері кескілеген жүрістері көп, ел мен елді жалғастырар желідей тартылған сыйқы бар танымал тұлғалар.

Ал Білдебайдың өз кіндігінен тараған осы Бұлғақбай да, қалғандары Мылтықбай, Кеңесбай, Қошақан, Қошым (қыздарды санамағанда) аталады. Олар да өз тұқымдарына тартқан өңкей сайыпқырандартұғын. Ал бәрінен де шоқтығы биік бәрібір Бұлғақбай саналатын. Бір аптадай бұрын бұл Бұлғақбай Білдебайұлының қаңлы Құндақбайдың от жаққан жеріне ат басын тірегенін, шаңырақ иесін таппағасын басқа да барар жері көп ол қайтар жолда мұнда тағы соғарын ескерткенін осы Күркілдектегі үлкен-кішінің баршасы естіген. Міне, біразы жаңа ғана, қасында жалғыз ғана атқосшысы бар сол Бұлғақбайдың осы Күркілдекке қарай жандәрмен ентелете көтерілгенін көріп еді. «Сымсыз телефон» бірден іске қосылды. Міне, сол «сымсыз телефон» құлағына тигендер аткөпір боп ілезде Құндақбай ауласына қарай лап қойды.

«Жақсының айтқаны емес, жаманның сандырағы келеді» деген. Енді мынадай нөпірдің кішкентай қара қосқа сыймайтыны белгілі болып, жаңа ғана сөзуар да қуақы Кенжебек жасаған ұсыныс басшылыққа алынып, бәрі үй ауласынан тыста тікенді, бұталы қалың шөптің тасасына барып құйрық басты. Кіші бесінде сәл-пәл көлеңке басы ұзарып, бұл нағыз жұмаққа айналғандай көктің исі мұрын жарып, бәріне жігер бергенге ұқсады. Ендігіде Құндақбай жұртты зарықтырмады. Сарыөзекте орыс офицері Клещов пайымдарынан ойға түйгендерін, көрген-білгендерін бірден сарықты. Әсіресе, Клещовтың «ол байлар өздеріндегі малды ешкімнің есігінің алдынан зорлықпен айдап әкеткен жоқ, олар іскер жандар, ал кедейлер, керісінше, кержалқаулар, егер іскер жандарды таза тақырласақ мына тіршілік қайда апарып соғады, міне, осындай даумен сонау Мәскеудегі үлкен үкіметтің өз ішінде жік шығыпты» деген бағдардағы сөздерін шемішкеше шақты. Мұны таудың арғы бетінен асып келген Бұлғақбай іліп әкетті: «бәлшебектер бай мен кедейді теңестіріп, бәрінің аяғын бір етікке тықпақ, шамасы. Ондай күнде бай да жоқ, кедей де жоқ, есесіне бәрінің тамағы тоқ, көйлегі көк болады деп, үздіктіретін сыңайлы».

Мұны естігенде жаңағы Кенжебектің аузынан ұшқан «паһ, шіркін» деген сөздер бәрінің құлағын жарды. Сосын ол жантайған күйін бұзып, қос тізерлене шоқтығын биіктетіп:

– Ау, жалайыр, суан мен қаңлының жақсы-жайсаңдары! Қожанасырдың мына қызығын мына отырыста басымды шауып тастасаңдар да айтпай тоқтамаймын! – деп айғай салды.

– Жә, тыныш! Қожекең жарықтық бірде есегімен алыс сапардан қайтыпты. Жолай, есегі әбден ашырқап, қалжырап, жүрісі қиындапты. Не істемек керек, бере қояр жемшөбі жоқ, сосын Қожекең өзіме азыққа жарар доп қалтасына салған бір сәбізі бар екен, сонысын ұзын таяқтың бір ұшына салбырата байлап, таяқтың екінші ұшын жамбасқа басады. Есек енді дәл тұмсығының алдында қол созымдай жерде салбыраған сәбізді көріп аяғын жігерлене басады. Бірақ бұл аяқ басқан сайын сәбіз де ары қарай жылжи береді. Есектің аты есек, қайтсем де бір асаймын деп, өлген, өшкеніне қарамай Қожанасырды еліне жеткізіпті. Сол сияқты сенің сүйікті бәлшебектерің де көз алдымызға бір сәбізді салбырата байлап, соған жетсеңдер бәрі болады деп, үздіктіріп қояды десеңдерші.

Кенжебектің бұл баянына ешкім күлмеді. Тым дәмі ащы шындықтай іш өзектерін күйдіріп әкетті. Бәрі сең соққан балықтай денелері жансызданып, су бетінде қалқып бара жатқанға ұқсады. Жұрттың осы қалпын байқаған Бұлғақбай етті иықтарын күшпен қозғап, тілге келді. Әнеукүні Құндақбай жоқта осында аялдап, оның інісі Мыржақбайға жеткізген деректерді қайта тізді. Бітік шығып, енді күйіп бара жатқан дәнді дақылдар жайы, «шәпке» киген мылтықты адамдар егістіктің өне бойын кезіп, түтін басына салық салуы, қара борбай диханшылардың наразылығы, басқалары бар, бәрін төкті. «Мойынсерік», «колхоз» деген ұғымдардың шыға бастаған кезі. Олар да сол мылтықтың ұңғысы, «итжек-

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

кеңге» айдау тәрізді ұғымдармен ағайындас, біріңсіз бірі жоқ. «Қытайға ауамыз ба» деген сауалдың да бір бүйірден қадақтай тиіп тұрғаны ақиқат.

Жалайыр-мырза Бұлғақбай Білдебайұлы асықпай толғатып, сөзді тым ұзаққа салатындай көрінді. Осындағы Құндақбайдың ең жақын туысы Қожақмет:

– Әй, аға баласы Бұлғақбай, мұндағының барлығы қоржындағы дүние ғой! Сіз осы Қытайға барып ай жарымдай тұрып қайттыңыз емес пе? Ондағы ел, жер қандай екен, ауа көшетіндей ме, соның төбесінен бір түсіндіші. Мына біздің көзіміздi ашшы! Көрмеген жердің ой-шұқыры көп. Мұндағы жұрт сол жағына аландауда! – деп салды. Мұндағылар – бәрі Қожақметтің бұл қолқасына ризалықпен қарады. Тіпті сол бұрынырақта сол Қытайға көп барғыштаған Құндақбай да солай. Тек соңғы жылдары ғана бұған сол Күншығыс еліне жол түспеген.

* * *

Шаған таудың арғы беті Көксуға жақын да, әрі мына Қоғалы аңғарына мүлдем ұқсамаған, керісінше құлашты кеңге салған, малға да, егіншілікке де қолайлы мол-мол жазықтарға ұласатын өңір еді. Көксудан арық тартып, топырағы құнарлы алқаптарға ылғал жеткізуге де қолайлы. Маңдайдың терін аямаған, әрі ақылмен іс қылған әрбір диханшы дәнді дақылдардың қай түрін ексе де тамыз, қыркүйек айларының тоғысында үлкен ырысқа кенелуші еді. Мал өсіруде де солай. Мұның ішіп-жемнен артылғанының бәрі сыртқа шығаруға, сатуға иленген тері мен жуылған жүн, бидай, тары сияқтыларды да тасуға көшті. Міне, осыларды, басқаларын қытайлықтарға өткізіп, ол үшін алған тұрмыстық бұйымдарды қазақ ішіне әкеп, мал, не орыс ақшасы үшін айырбастаса шекара асырған мал-дүниенің құны екі-үш еседен асып өздеріне қайтар еді.

Атабайдың Сәрсен атты пысық та жылпостау күйеу баласы бар. Әккі шал оны да осы іске құнықтырды. Ал Сәрсеннің саудаға, алып-сатарлыққа бейімділігі қайынатасы дәметкеннен де зор екен. Мұртынан күлген Атабай мен Сәрсен аз уақытта осы елдің «Маман-Тұрысбегі» болды да шықты. Бірақ заман тынышсыздау еді. Атабай бәрін күн ілгері болжап отырды. Мұншама байлықтан бір-ақ күнде айрылып, таза тақырланып қалуды Атабай да, жас сұрперен Сәрсен де қорлықтың көкесіне балады. Орыста «Кеме суға батса бірінші егеуқұйрықтар қашады» деген мақал бар. «Ел аман, жұрт тыныштa» десті де Атабай, оның екі сұңғыла қартамыс досы және Сәрсен – төртеуі айналадағы аз ғана жамағайын, кедей-кепшікпен, малды қоса айдап, артынып-тартынып, Қытай жеріне көшті де кетті.

Бұған дейін де екі елдің арасын жол қылып үлгерген бұларға онда барып та орналасып, тез сіңісіп кету аса қиынға соққан жоқ. Атабайдың аузына қарағандар Қытай жерінде де сауда ісінің көрігін қыздырды. Бұл шамамен 1925-26 жылдар еді. Бұлар жер ауғанның жөні осы екен деп, туған елден біржола қол үзбеді, ара-тұра Шаған таудың терiскейін, Көксу мен Қаратал бойын аралап, дәм-тұз татып кетіп жүрді. Әр келген сайын қолайлы орын. Сонда Атабаймен, оған дос екі сұңғыла кәрімен, жас дегенмен де өзінен біраз үлкендігі бар Сәрсенмен бұл Бұлғақбай ұзақ-ұзақ түндерді әңгімемен өткізді. Көп жайға қанды, көп жайды көзімен көрді. Әсіресе, Құлжаның шет-шегі жоқ мал базары, дүниеге толы ашық-шашық дүкендері, ұрлыққарлықтың жоқтығы, қазақ пен қытайлық қана емес, өзге де ұлт өкілдерінің иық теңестіріп, тату-тәтті тұратыны Бұлғақбайдың санасына су бүркті. Мұндағы Атабай, Сәрсен сындылардың қалай серпіні сегіз болғанын бұл енді түсінді. Қолдағы аяқты малды бәлшебектердің өңешіне тығып, қу таяқты құшақтап қалғанша ол малды осында әкеп, базарға шығарып, мынадай ырзықтарға бұлардың қатын-қалашы, бала-шағасы, кемпір-шалы неге кенелмейді. Осы соңғы тұжырымды Атабай, оның екі сұңғыла серігі, Сәрсен – төртеулеп, Бұлғақбайға мәнерлеп жеткізгенде олардың қақырығы қайым алтынға, түкірігі түйме алтынға айналып еді. Ия, олар сөз маржанын аямай төкті.

Бұлғақбайдың дәл өз иелігінде асыптасқан дәулет жоқ, малы өте аз-тұғын, тек жүріске берік, тау-тастың қиясында тұяғы таймас, тірсегі мықты аттарға құмар. Себебі, құралайды көзге атқан мерген, әрі аңшы адамға осындай сәйгүліктер керек-ақ қой. Бұған қоса, он көкжалдың ортасына түссе бұзып-жарып шығар, әрі қуғанын алмай қоймас «Жетер» атты қалың жүнді иті бар. Бұлғақбай осы игіліктерін бәлшебектерден қызғанып жүрген жоқ, оның «қызғанышы» осындағы байы, орташасы, кедей-кепшігі аралас елдің ертелі-кеш маңырағанда азан-

– Ау, жамағайын! Ел-жұрт! Қытайға ауа көшу онда басы бүтін байлану емес! Біржола табан тіреп, ғибадатханасында қуыршақ құдайына мінәжат ету емес! Бәз біреулердің ырғауынша біздегі заманa сыңайы түпкілікті емес, бәрі алдамшы! Ол жағын мына Құндақбай да естіп-білген тәрізді. Оннан-мұннан қашып-пысқан, бастан кешкені мен естігені біздікін бұйым көрмес жат жұрттықтардың біразы бәлшебектердің астындағы орындықтардың сықыры қазірдің өзінде құлақ жарады дейді. Ал сол ағаш орындықтар біржола қирап біткенше олар біздің төрт түлігімізді түгімен жұтып тауыспасына кім кепіл?! Ал ендеше! Қытайға қарай табан аудару сол төрт түліктен айырылып, тақыр мұзға шоңқиып қалмауымыз үшін қажет, ағайын! Жады бас кісіге ұқсамай осы жағын жете ойланыңыздар! Дұрыстап ақылға салыңыздар! Онда-мұнда босқанда сұғанақтардың көзіне ілігер-ау, қолды боларау деп, жамбастарыңның шұқырына сап сақтаған сом алтын, құйма күмістеріңді айналамыз сыққан тау, аң екеш аң бара алмас жықпыл-жықпылдары санап тауысқысыз, соның біріне жасырып кетсеңдер өздеріңнен басқа кім таппақ?

Бұлғақбайдан соң қоңыр даусында бір діріл бардай сөйлеген Құндақбай дағдылы шешендігіне баса алмады. Әр жайды үзіп-жұлқып баян етті. Сарыөзекте өзі дидарласқан орыс офицерінен ұққан кейбір тың сарындарды жариялады. Бірақ оған да

өзі сұранып тұратыны хақ. Бұл жиырмасыншы ғасырдың алғашқы бөлігінде орыстар, қарашекпенділер (украиндер), дүңгендер, басқа да ұлт өкілдері Шаған айналасындағы көк майсаны, құнарлы топырақты танып, қызыл көрген қарғадай осылай қарай да жапырлай қанат қомдаған. Міне, солардан тері өңдеу, жүн жуу, тіпті малдың мүйізі мен тұяғын кәдеге асыру сияқтылардың озық әдістерін жергілікті қазақтар әжептәуір-ақ меңгеріп үлгерді. Ал мұның бәрін қайда өткізем деп, бас қатырудың түкке де қажеті жоқ. Тап іргедегі аузын арандай ашқан Қытай атты айдаһа бұл қазақтар жасаған игілікті толайымен жұтса да жұмыры жұқ болмас еді. Ол дәнді дақылдарға, аяқты малға әскере ашқарақ еді.

Міне, осындай жағдайлардың өздері қазақ арасынан сауда ісіне бейім жандарды су бетіне қалқытып шығарғандай еді. Шаған таудың терiскей бетін, Көксу бойын жайлаған қазақтардың ішінде Атабай, тағы осымен тонның ішкі бауындай жарасқан екі шал – үшеуі Қазақ ордасы мен Қытай арасында алғашқы сүрлеу, соқпақтарды тартты. «Көз қорқақ, қол батыр», олар жылқы мен сиырды, аздаған уақ малды да айдап, асықпай жол жүріп, Қытай шекарасынан әрі асыруды әдетке айналдырды. Ал қомағай қытайлықтар мынадай ырзық үшін шұға мен сисасын, қолайна мен сабынын, қолдан тігілген киім-кешектерін аямай лақ еткізетін еді. Бара-бара Атабай мен оның екі серігі қытай шеберлерінің қолынан шыққан бүрме тон, қайырма жағалы шекпен, күміс, не асыл тас бастырылған белдік, адамның жүзі көрінетіндей жылтыраған саптама етік сияқты киім-кешектерін жарнамалай жүрді. Жалғыз киім-кешек қана емес, мінген аттарының ер-әбзелдері де мұндағы кәсіпке орашолақ кеpенау қазақтардың көзінің құртын жейтін. Осындай сапарлары үстінде кімнің үйіне түссе де «анау-мынау күнде Қытай жеріне көшіп алыңдар» деген үгіт-насихатты да үдетті. Ол кезде мұндағылар «е, пәлен жердегі бақырға қызығып, атажұрттың көзімiз қиып қалай тастап кетеміз» десіп, Атабай тобын кекесінмен шығарып салатын. Міне, тек биыл ғана, 1928 жылдың жаз айларында әрқилы саяси науқан, оның жалыны мен түтіні араласып, көздерін ашытып, бастарын шырмап, сол Атабай, Сәрсен уағыздарын кесекөлденең тартқан.

Міне, бұл жағдай Шаған таудың терiскейіндегі Бұлғақбай Білдебай баласын да шырт ұйқыдан оятқандай еді. Ол көп бас қатырып жатпады, мың естігеннен бір көрген артық, «көнпеске» деген ұғым қыл арқандай мойнына оралған осы биылғы сәуір мен мамыр айларында әлгі өзіне туыс Қойшыбек, тағы екі жігітті атқосшылыққа алып, Қытайға қарай тау-таудың қуысымен өрлеп, тартып берді. Қытайда шынымен бір жарым айдай тұрып қайтты.

Атабай тобы Құлжа қаласының маңында қоныс тепкен. Әрине, бұл сауда үшін өте шақырғандай көрінетін қой-ешкісі, айыр тұяқ ірі қарасы, жібек жалды жылқылары еді. Егер оларды бір-ақ күнде сыпырып әкетсе «маңырағанның» көкесі сонда естілмей ме? Малдан гөрі адамның көмекейінен әуелеп ұшқан зарлы үн тіптен салыңды суға кетірмей ме? Міне, осылай ол халықтың қамын ойлап толғады. Бұл жағынан жалайыр-мырза Бұлғақбай Шаған таудың күнгей бетінде, Күреңбел өңірінде тірлік кешкен жан жолдасы, қызыл-қаңлы Құндақбаймен егіз қозыдай ұқсас еді.

Бұлғақбай ұзақ сөйледі. Бесін мезгілі өтіп, жазғы кештің ең бір мамыражай, хош иісті, мол көлеңкелі шағы туған. Бірақ ешкімнің көңілі сергір емес. Әлдененің мысы басқандай баршасының қабақтарынан қар жауып, кірпіктерінен қырау тамғандай отыр. Әлдебір кіріптарлыққа ұшырағандай түрлері бар. Құндақбай да солай. Бұлғақбай Қытай жерін қанша әсірелегенмен оның уағызы бір ноқтадан басыңды босатып, екінші қиырдағы қыл шылбырды мойныңа ора дегендей естіледі. Ия, батырдан ақыл айла да, қайрат та кеткен заман екен дегізгендей. Әйтпесе, оның сөздері «Қытайға үдере көш, басқа тәсілдің бәрі адырам» дегенге сая ма?

Біраз ауыр үнсіздіктен соң ғана жиындағылардың ішіне жел бітті. «Ат байлар алтын қазығымыз» туған жерді, Шаған тауды тастап, босып қайда барамыз» деп, шамырқанғандар шықты. Бұлғақбайдың да жауабы дайын:

құлай кеткен көп ешкім табылмады. Сірә, жан досы Бұлғақбай Білдебай баласының Қытайға ауа көшу жөніндегі уағызы әзірге ешкімнің делебесін қоздыра қоймағаны анық. Өзінің де сондай уағызға тамызық тастап лаулата түсуге қауқары жетпегендей. Осыдан он екі жылдай бұрын әлгі Қапалдағы жандармерия тыңшыларының қармағына ілінбеу үшін досы, қарақалпақ жігіті Жәкібайды, Құлжатайды, басқаларды ертіп Қытайға қашқаны, бірер жылдан соң мұнда бәлшебектер өкіметі орнағанын естіп қайтып келгені, көп ұзамай сол Қапалда өзін жандармерия құрығынан құтқарған найман жігіті бұта қорғалаған торғайдай өзі пана іздеп, осы Қоғалы аңғарына жеткенде оны да екі-үш ауылдың мал-жанымен қосып, сол Қытайға өткізіп жібергені, олардың соңынан бірер мәрте өзінің де барып қайтқаны – бәрі көкірегінде сайрап тұр. Бірақ бәрібір – бәрін ат байлар алтын қазық Шаған таудың мысы басатындай. «Мені қалай тастап кетесің» деп жас балаша екі көзі мөлдіреп жыламсырап қараса қайтерсің? Сосын да Құндақбайдың тіл-жағына тап осы жолы біршама тұсау салынғандай еді.

Құндақбайдан соң да көкіректеріне шоқ түсіп, іштері өртенгендер де анда тарт, мұнда тартқа басып, дуылдағанмен ортақ мәмлеге келе алмады. Сырты бүтін, іші түтін жұрт бұл жиыннан екі ойлы боп тарады.

Алатау
Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Реклама – беда детской жизни

Табиғатты өрттен, зиянкестерден, қасақана аңшылардан қорғау керек. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде 10 өрт шыққан жағдайында 8 адам кінәлі болып табылады. Ол өрт қаупі ұлғайған кездерде, алау жағудан және қоқыс өртеуден, жанып тұрған шырпы мен темекі тұқылын жерге тастаудан шығады. От жаққанда абай болыңыздар! От жағудың алдында алаң топыраққа дейін тазалану керек. Арнайы алаңшаларда ғана от жағыңыз. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде өрт қайырмас залал келтіреді, өсімдіктер мен құстардың ұялары, аңдар мен жәндіктер бірге жанып кетеді.

Бірігіп көтерген жүк жеңіл болады дейді, бәріміз мемлекеттік орман қоры жерлерінде өрт қаупі ережелерін сақтасақ, табиғаттың байлығы мен сан алуан түрлігін өзіміздің ұрпаққа сақтап қала аламыз. Өрт басталған жер туралы жедел табиғатты қорғау мекемесіне немесе жақын жердегі елді мекеннің әкімдігіне хабарлаңыз.

Н. ИСЕНБАЕВ,
«Алтынемел» МҰТП орманшысы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕЙТОЙ – 80 ЖАС

ШӘКІРТТЕРІН ШАРБОЛАТТАЙ ШЫҢДАҒАН

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі (кезінде республикалық жастар газеті «Лениншіл жас-та», кейіннен облыстық «Жетісу» газетінде ұзақ жылдар қызмет істеген), Алматы облысының Құрметті азаматы, «Алатау» газетінің шынайы жанашыры Орысбай Әбділдаұлы Ұлыстың ұлы күні мерекесі қарсаңында сексен жасқа толып отыр. Біз бүгін ардагер әріптесімізді мерей жасымен шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыс, мықты денсаулық, отбасының амандығын тілейміз. Газет оқырмандарына «Шәкірттерін шарболаттай шыңдаған» толғауын ұсынамыз.

ТОЛҒАУДАН ТОБЫҚТАЙ

Алатаудың аңғарында жатқан ел,
Қарақыстақ өзенінде ақ форель.
Суы мөлдір, таза ауасы тамаша,
Жайлауынан жан рахатын тапқан ел.

Осы өңірден шықты қанша өнерлі,
Асан ата ақ түйесін шөгерді.
Туды тағдыр талантымен танымал,
Небір саңлақ сайыпқыран шеберді.

Сүйінбайды кім білмейді арқалы,
Ақындықтың дуалы ауыз тарпаңы.
Еларалық айтыс туын көтеріп,
Асыл сөздің адырнасын тартады.

Жамбыл жәкем жер жүзіне әйгілі,
Қазақ үшін жыраулықтың айбыны.
Жүз жыл жырлап, елеңдеткен әлемді,
Белден кешіп қасірет пен қайғыны.

Қарғабаев Өмірзақтың өр үні,
Қара өлеңнің қып-қызыл от көрігі.
Сусындатты хиссалатып халықты,
Жалын жүрек Жамбыл қарттың серігі.

Әбдіғали Сариев те сері еді,
Мың-сан өнер бойында бар себебі.
Бір басынан табылатын ән мен жыр,
Кеудесінде мұқым тарих дерегі!

Әнуарбек Дуйсенбиев дүр ақын,
Жазбагерлік жан айқайы сұрапыл.
Анда-санда ат ізін сап ауылға,
Алматыдан қолын бұлғап тұратын.

Мұхаметжан Етекбаев жібектей,
Тау етегін мекендеді қыңк етпей.
Ертегісін елжіретіп төгетін,
Естен кетпес түске кірер сүр еттей.

Әуезовпен сұхбат құрған анасы,
Сұлтанғали Садырбайдың баласы.
Фольклордың қалқып ішіп қаймағын,
Ұстаздарға ұстаз болған жан осы!

Оспанханның ойыны өткен осы ара,
Талантына тұмар таққан босаға.
Қарақыстақ қанаттыға құтты ұя,
Талаптанған қалған емес тасада.

Бигелдиев Садуақас қаламы,
Жорғалаумен жырлап өтті даланы.
Махаббаты, Абайы да әкім боп,
Әділдікпен жұрт көңілін табады.

Қосбармақов Ержан әннің перісі,
Гүл жайнаған өнердегі өрісі.
Дәріс беріп бұлақ көзін ашады,
Өзінен де озып кетті көбісі.

Иісова Тұратайдың өрнегі,
Сахнаны қаншама рет кернеді.
Амал нешік, ерте үзілді үміті,
Тағдыр қатал ұзақ ғұмыр бермеді.

Қарсақбаев Абдолланы ел көрді,
Киногерлер жұлдызына теңгерді.
«Менің атым Қожа» деген сияқты,
Фильмдері сан ұрпаққа дем берді!

Мейрамова Жұмагүлдің жаны ізгі,
Театрдың жұпар гүлі тәрізді.
Арулардың қасіретін бейнелеп,
Көрерменнің көзден жасын ағызды.

Қозыкеев Бақтыбектің жырлары,
Сұлулардың түн ұйқысын ұрлады.
Қапы кеткен қыршын жасты іздейді,
Қызғалдақты Қызылауыз қырлары...

Сәрсенова Бағланның бағы үстем,
Болып еді домбыраны қағыспен.
Ел аузына ілінгені сол еді,
Кете барды ажал атты ағыспен...

Өнер қуған Сариевтер көп еді,
Бексұлтанның көпке тиді көмегі.
Теледидар тылсымына қанығып,
Сан мыңдарды қаламымен жебеді.

Атшабаров Базарбектің бағы асқан,
Құс тістеген талайлармен таласқан.
Баспасөзде, радиода күркіреп,
Аяғында абайламай адасқан...

Өмірзақов Өмірбайдың өлеңі,
Өрттей лаулап жүрек тербеп келеді.
Оқығаны, тоқығаны соншама,
Мұрағаттан ел көрместі көреді.

Ақын Баян Анарбекова қаламы,
Салт-сананы жиі еске салады.
Кітап мәңгі сақталатын Палата,
Баян десе елең ете қалады.

Болатқанның Баяны бар тағы да,
Жаратылған жазу-сызу бағына.
Осы заман ағымына ілесіп,
Нық отырды іскерліктің тағына.

Бәрі, бәрі осы ауылдың Баяны,
Қалам сілтеп, құлашты кең жаяды.
Үзілместен келе жатыр жалғасып,
Сүйінбайдан қалған дәстүр баяғы.

«Жас Алаштың» Жанұзақов Мұхтары,
Дүрілдеген дөкейлерден ықпады.
Сан салалы саясатын сапырып,
Туабітті ұстанымын нықтады.

Шаршы алаңда бір өзіне қаратқан,
Сом жұдырық берген оған жаратқан.
Боксер, бапкер Серік Әбденалиев,
Халықаралық дәрежелі санаттан.

...Сол дүрмектің бір серкесі бар еді,
Сол қолымен сілтейтұғын дара еді.
Қырандайын шүйілгетін ұланды,
Қызықтырған ғаламшардың әр елі!

Қалам-қанат қайда ғана ұшпады,
Балақ бауын алды Қарақыстағы.
Шарлады-ақ қой жер-әлемді армансыз,
Жол ашқан соң туған Қазақстаны.

Қаламгерлер ақперені атанды,
Спорт десе автоматтай отады.
Жержүзілік жарыстарға куә боп,
Шетжұрттыққа жария етті Отанды.

Олимп отын қаламымен жаққандай,
Куә болу қазақ үшін бақ қандай!
Қайран, Сәкең, Пәлеменен қосылып,
Алматыға жаяу келе жатқандай!

Королімен аяқ доптың сырласқан,
Сәттер қайда көкмайсада бір басқан.
Мехикода, Лондонда да, Мәскеуде,
Сингапурда ақ жол тілеп тұрды аспан!

Елін сүйген еңіреген есіл ер,
Кезің еді енді нағыз көсілер.
Алпыс бір жас мүшелінде көз жұмдың,
Күнәң болса, Құдай өзі кешірер...

Мық шегедей мығым едің,мықты едің,
Хан Кәшкеге тірелетін түп-тегің.
Сарыарқада көк байрағын көтерген,
Қарасайдай өр еңсеңді тіктедің.

Алатаудың Қарасайдай ерлері,
Жағаласқан жауға теңдік бермеді.
Жеропасы Сарыарқада жан беріп,
Хас батырды халқы арулап жерледі.

Сен солардың тамшысындай ұл едің,
КазГУ деген қара ошақтан түледің.
Жер-жаһанды аралаумен аршындап,
Жан таппады журналистік жүрегің.

Батырлықтың бар нышаны өзекте,
Болған жоқсың болбыраған бозөкпе.
Даңғыраған даңғыл жолдар ашылды,
Өрттей жанып өрге жүзген өжетке.

Жас өрендер жазғаныңа қанықты,
Толағай ой талантыңды танытты.
«Спорт деген бір сиқыр» деп баураған,
Толғаныстар дүр сілкінтті халықты.

«Лениншіл жас» нағыз елдің аңсары,
Жұрт қолында желбірейтін таңсәрі.
Үш жүз мың боп таралатын данасы,
Шырт ұйқыдан оятты екен қаншаны?!

«Сол басылым басында сіз тұрдыңыз,
Сөзстанда көп салтанат құрдыңыз.
Сол қолменен сұлу сөзді сүргілеп,
Талай жасты дүр журналист қылдыңыз!».

Дегендерді талай-талай естідік,
Бұл да болса білгендік һәм естілік.
Қанға сіңген әдетіміз, әттеген,
Ұлылықты бағалаймыз кеш біліп...

Қолбасшы да, жол басшы да болды анық,
Ұстаздықтың ұлы үрдісін қолданып.
Тәлім алған тарланбоздан шым-шымдап,
Шыға келді талай шәкірт жонданып...

Ұлдың атын қойды ырымдап Заңғар деп,
Қыран құстай шырқау көкке самғар деп.
Әке ойлаған шыңға бірақ шықпады,
Өсті еренсіз ерке және аңғал боп...

Әуе доптың асқан әбжіл шебері
Жәркешевтей болса шіркін деп еді.
Заңғар аты әлемге де танылған
Сом тұлғаға сүйсінетін себебі...

Арман, арман...көкіректе көп еді,
Басқа салса пенде байғұс көнеді.
Тура келсе дауасы жоқ кеселің,
Әл бермейтін Әзірейіл төнеді...

Жанын күтті, денсаулықты діттеді,
Қаламгерлік – маңдайына біткені!
Велосипед ертеңді-кеш ермегі,
Ерекше еді өзін-өзі күткені.

Аппақ қарға шаңғымен із салатын,
Алатауға аунап-құнап алатын.
Мұзойнақта конькименен құйғытып,
Кірпігіне қырау қатып қалатын.

Тенниске де жиі мойын бұратын,
«Қане, кім бар?!» деп жымиып тұратын.
Адуын күш өнбойынан атойлап,
Бой жазуға бізді құлшындыратын.

Тайбурылдай жер тарпыған тұяғы,
Наркескендей намысты ердің сияғы.
Сейдағандай сом-сом сөздің сардары,
Қара жерге қалай ғана сыяды?!

Көсемдігі көзге ұратын көшелі,
Жібермейтін кеудемсоққа есені.
Әттең, дүние, бір айналып өтсе ғой,
Өз атымен аталатын көшені...

Бес мүшелі ізсіз-түссіз өтпепті,
«Том-том кітап аманатым» деп кетті.
Жамбыл елі үкілейді үнемі,
Бердіқұлов атындағы мектепті.

Жеңіс күні – Сейдағаңның тұмары,
Тұмшалайды сағыныштың мұнары.
Құрметіне Бердіқұлов жайсаңның,
Аяқдоптан турнир өтіп тұрады.

Оған куә күллі қалам ұстаған,
Есте жүрер ұлттық рухы күшті адам.
Қайран,Сәкең, спорттан әлемін
Әйгілеумен қабілетін ұштаған!

Қаншама ұлан «Мехиконың дүбірін»,
Пелелердей корольдердің тұғырын
Қиялында кірпік ілмей дөңбекшіп,
Ұзартатын футболменен ғұмырын.

Сейдағаңның сөз сермесі жасындай,
Кейіпкері кілең сайдың тасындай.
Спорт десе бас алмастай оқитын
Жанкүйерлер құмары бір басылмай!

Жазбагердің құдіретін білемін,
Алты Алаштың жаулап алған жүрегін!
Кең сыбанып кемел оймен сөйлейтін,
«Надя» деген жазуы бар білегін...

Серіліктің нышандары бар еді,
Тез мұқалтты аурудың әлегі.
Жан қосағы Күләтайды емдетіп,
Одан бұрын о дүниеге жөнеді...

Шыр айналды бұл дүние күн жетіп,
Жаза алмады ойдағысын індетіп.
Самалдай сан шәкіртті самғатып,
Аттанғандай атқара сап міндетін...

...Туған жердің тартылысы ғажайып,
Еске салып бір-екі ауыз жазайық.
Сейдағаңның доп ойнаған аулында,
Көзкөргендер бара жатыр азайып.

Тұрысжанов Бекболаттың үнемі,
Жас шақты ойлап кейде көзі күледі.
Ел басқарған есіл жылдар елесі,
Журналиспен бірге ілесіп жүреді.

Сейдағаңның жан бауыры Әлімбай,
Қалай жүрсін кіндіктесін сағынбай.
Қанмайданнан аман қайтқан жауынгер,
Қара ошақтың маңдайдағы бағындай.

Сейдеш еді сөз қозғаған аталы,
Оқырманы ой түбіне батады.
«Жұмыр жерде теңбіл допты» толғаған,
Мақамдары жүрек шымырлатады...

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЛОГЕРСТВО – ЭТО ПРОДОЛЖЕНИЕ ТВОРЧЕСТВА

Ученики Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган встретились с известным казахстанским блогером, музыкантом и композитором - Александром Цой, который поделился личным опытом в продвижении блога и рассказал о своих лайфхаках.

Кроме того, Александр является путешественником, на сегодняшний день побывал в 66 странах мира. Чаще всего Александр путешествует не один, он собирает группу желающих присоединиться к поездке в интересные иностранные города. На своей странице в социальных сетях блогер рассказывает о своем опыте знакомства с новой локацией и делится полезными советами.

«С 2011 года веду свои странички в социальных сетях. Социальные сети для меня - это идеальный инструмент для коммуникаций с новыми людьми, это тоже творчество, нужно работать, чтобы быть интересным, популярным. Я хочу нести позитив. Если относишься к жизни позитивно, жизнь возвращает тебе позитив. Здесь точно работает принцип бумеранга», - делится своими комментариями Александр Цой.

На встрече с учениками Александр рекомендовал ребятам пробовать вести свой личный блог, писать тексты. Ведь создание текстов - это общение, это своего рода творчество. По его словам, записывая свои мысли и знакомя их с читателями этот навык распространится и на другие тексты: книги, презентации, резюме или открытки.

«Я давно мечтаю вести свой блог, потому что люблю фотографировать, снимать видео, писать небольшие тексты. На встрече с Александром Цой узнала очень много полезной информации. Особенно мне понравились истории об интересных странах мира. Теперь и я буду пробовать вести свой дневник, делиться своим творчеством», - говорит Аружан Диас, ученица 7 "А" класса Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган.

А. МУРАТКЫЗЫ

Противодействие коррупции

Под коррупцией понимается не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей либо иное использование ими своих полномочий для этой цели. Борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти. И борьба с коррупцией всегда являлась актуальной и злободневной проблемой для любого государства. Поскольку проявления коррупционных деяний являются препятствием на пути развития государства в условиях рыночной экономики и порождают в обществе недоверие к органам власти.

В Казахстане с момента обретения независимости приняты нормативные правовые акты и государственные программы по противодействию проявлениям и борьбе с коррупцией. В условиях, когда все силы и средства нашей страны брошены на преодоление последствий мирового финансового кризиса, проблема коррупции встает особо остро. В этой связи принимаемые меры, направленные на борьбу с коррупцией являются своевременными и необходимыми.

Так, с 1 января 2016 года введен в действие Закон Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за №410-V « О противодействии коррупции», который регулирует общественные отношения в сфере противодействия коррупции и направлен на реализацию антикоррупционной политики.

Наряду с этим, Законом Республики Казахстан от 18.11. 2015 года за № 411-V внесены изменения и дополнения в некоторые законодательные акты по вопросам противодействия коррупции, в частности кодекс об административных правонарушениях, УПК, ГПК.

Законом особое место уделено вопросам преодоления проблем борьбы с коррупцией и мерам по предупреждению ее проявлений.

Одной из мер противодействия коррупции предусматривается стимулирование антикоррупционного поведения граждан, включающее механизмы поощрения со стороны государства за оказание содействия в пресечении и раскрытии коррупционных правонарушений, что позволит гражданам активно включиться в процесс борьбы с коррупцией.

Жанар СЕРГЕБАЕВА,
заведующая канцелярией специализированного следственного суда города Талдыкорган.

ФИЗКУЛЬТУРА В ШКОЛЕ НЕ ОГРАНИЧИВАЕТСЯ ЛИШЬ УРОКАМИ ФИЗКУЛЬТУРЫ. ФИЗКУЛЬТУРА В ШКОЛЕ – ЭТО ТАКЖЕ ТАК НАЗЫВАЕМЫЕ ФИЗКУЛЬТМИНУТКИ, КОТОРЫЕ ПРОВОДЯТСЯ В ТЕЧЕНИЕ ДРУГИХ УРОКОВ. ОНИ НЕОБХОДИМЫ ДЛЯ СНЯТИЯ ФИЗИЧЕСКОГО И УМСТВЕННОГО НАПРЯЖЕНИЯ. К СОЖАЛЕНИЮ, СЕГОДНЯ ФИЗКУЛЬТМИНУТКИ В ШКОЛАХ ПРОВОДЯТСЯ В ОСНОВНОМ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ И ЗА ОЧЕНЬ РЕДКИМ ИСКЛЮЧЕНИЕМ В СРЕДНИХ КЛАССАХ. А ПРО СТАРШЕКЛАССНИКОВ В ЭТОМ СМЫСЛЕ СОВСЕМ ЗАБЫЛИ. НО УЧИТЕЛЯ СОВЕРШЕННО НАПРАСНО ПРЕНЕБРЕГАЮТ ФИЗКУЛЬТМИНУТКАМИ, ВЕДЬ ПОТРАТИВ ПАРУ МИНУТ НА СНЯТИЕ НАПРЯЖЕНИЯ, ОНИ ПОЛУЧИЛИ БЫ БОЛЬШУЮ РЕЗУЛЬТАТИВНОСТЬ РАБОТЫ В ИТОГЕ.

Физическая культура в школе

Физкультура в школе обязательно сопровождается медицинскими осмотрами. Цель медосмотров – оценка состояния здоровья, развития и уровня физической подготовки школьников. С известной условностью физическую культуру можно подразделить на ряд больших разделов, которые по своим особенностям соответствуют различным направлениям и сферам ее использования в обществе. Наиболее крупными из них являются:

• базовая физическая культура,
• спорт (в той части, в какой он относится к физической культуре)
• профессионально-прикладная физическая культура,
• оздоровительно-реабилитационная,
• «фоновая» физическая культура

Базовая физическая культура – это фундаментальная часть физической культуры, включающая в систему образования и воспитания подрастающего поколения в качестве фактора основного физического образования и обеспечения базового уровня общей физической подготовленности. Основную форму, или вид, базовой физической культуры называют «школьной физической культурой». Это физическая культура, являющаяся учебным предметом в общеобразовательных школах и других учебно-воспитательных учреждениях, где ее применение направлено на то, чтобы заложить основы общего физического образования: сформировать широкий комплекс жизненно необходимых двигательных умений. Навыков и связанных с ними знаний, обеспечить разностороннее развитие физических и непосредственно связанных с ними психических качеств, оптимизировать состояние здоровья и гарантировать необходимый каждому базовый уровень физической и общей деятельности. Физкультура в школе имеет решающее значение для воспитания полноценной, целостной личности школьника. Ведь физкультура в школе решает задачи не только сохранения и укрепления здоровья, но и повышения уровня общительности, социальной активности ребенка. Физкультура в школе в 1-3 классах продолжает дело дошкольных учреждений. А именно, физкультура в школе в начальных классах продолжает развивать выносливость, ловкость, силу рук и ног, координацию движений, навыки участия в командных играх. И делает это физкультура в школе с учетом физических и психических особенностей организма ребенка, присущих определенному возрасту.

Физкультура в школе в начальных классах продолжает обучать детей:

• правильно дышать, сочетать дыхание с движением;
• усложненным ходьбе и бегу;
• бегу с препятствиями;
• начальным навыкам прыжков в длину и высоту с разбега;
• подбрасывать и ловить мяч одной и двумя руками;
• метать мяч в цель на разном расстоянии;
• лазать различными способами по гимнастической стенке;
• элементам спортивно-командных игр;
• часто обучают плаванию, ходьбе на лыжах.

Физкультура в школе в более старших классах осуществляется в более многообразных формах. Эти формы взаимосвязаны, дополняют друг друга и представляют собой единый процесс физического воспитания. Физкультура в школе в более старших классах должна включать обучение основам психорегуляции, закаливания, массажа и самоконтроля. Физкультура в школе в старших классах призвана сформировать привычку к занятиям физкультурой на всю оставшуюся жизнь. Физкультура в школе должна воспитать ориентацию на здоровый образ жизни. Физкультура в школе в старших классах должна стимулировать человека к дальнейшим занятиям физкультурой, в том числе и самостоятельно.

Важно отметить, что физкультура в школе имеет большое значение в профилактике асоциального поведения школьников.

Ринат АХАТОВ,
Учитель физической культуры школы №7 имени К. Ушинского г. Талдыкорган

ДЕНЬ ОТКРЫТЫХ ДВЕРЕЙ ДЛЯ УЧАЩИХСЯ 5 –Х КЛАССОВ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛ ГОРОДА БЫЛ ОРГАНИЗОВАН В НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЕ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН.

СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

В ходе Дня открытых дверей ребята получили подробную информацию о поступлении в Назарбаев Интеллектуальную школу, была предоставлена возможность зарегистрироваться на сайте Виртуальной школы. Участники смогли посетить учебные кабинеты и лаборатории, увидеть интересные научные опыты по биологии, химии, физике, а также уроки математики, английского языка и робототехники.

Диана Нургалиева, заместитель директора по внешним связям, в рамках мероприятия ознакомила ребят с работой Виртуальной школы.

- Основной целью Виртуальной школы является подготовка учащихся к прохождению конкурсного отбора в Назарбаев Интеллектуальные школы. Зарегистрировавшись на сайте vs.nis.edu.kz каждый ученик 5-класса может в режиме онлайн получать индивидуальную консультацию педагога и рекомендации по выполнению заданий. Учащиеся, успешно справившиеся с задачами Виртуальной школы, приглашаются в Каникулярную школу по профильным предметам: математике, казахскому, русскому и английскому языкам.

А. АКЫБАЕВА

МЕДИАЦИЯ

Условием участия в процедуре медиации является взаимное добровольное волеизъявление сторон, выраженное в договоре о медиации. Стороны медиации вправе отказаться от медиации на любой ее стадии. В ходе медиации стороны вправе по своему усмотрению распоряжаться своими материальными и процессуальными правами, увеличить или уменьшить размер требований или отказаться от спора (конфликта). Стороны свободны в выборе вопросов для обсуждения вариантов взаимоприемлемого соглашения. Стороны медиации пользуются равными правами при выборе медиатора, процедуры медиации, своей позиции в ней, способах и средствах ее отстаивания, при получении информации, в оценке приемлемости условий соглашения об урегулировании конфликта и несут равные обязанности. Целями медиации являются: достижение варианта разрешения спора (конфликта), устраивающего обе стороны медиации; снижение уровня конфликтности сторон. При проведении медиации медиатор независим от сторон, государственных органов, иных юридических, должностных и физических лиц. Медиатор самостоятелен в выборе средств и методов медиации, допустимость которых определяется настоящим Законом. Медиатор должен быть беспристрастным, проводить медиацию в интересах обеих сторон и обеспечивать сторонам равное участие в процедуре медиации. При наличии обстоятельств, препятствующих беспристрастности медиатора, он должен отказаться от проведения медиации. Не допускается вмешательство в деятельность медиатора при проведении медиации со стороны лиц, указанных в пункте 1 настоящей статьи, кроме случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

Медиация проводится на основе принципов: добровольности; равноправия сторон медиации; независимости и беспристрастности медиатора; недопустимости вмешательства в процедуру медиации; конфиденциальности.

Участники медиации не вправе разглашать сведения, ставшие известными им в ходе медиации, без письменного разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию. Разглашение участником медиации сведений, ставших ему известными в ходе медиации, без разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию, влечет ответственность, установленную законами Республики Казахстан.

Айнур АНХАЕВА,
главный специалист Талдыкорганского СМАС.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҮЛГІ

ӨЗ КӘСІБІНІҢ ХАС ШЕБЕРІ

Өз кәсібінің хас шеберлері жөнінде жиі естиміз. Солардың қатарына Құрлық әскерлерінің Әскери институтында жасақтау және жұмылдыру бөлімінің жұмылдыру бөлімшесінің бастығы, майор Айдар Мұқайұлын да айтуға болады.

Майор Мұқайұлы – жүрген жерінде ұжымның ұйтқысы бола біліп, алдына қойған мақсатына жетуді принципке айналдырған тұлға. Институт басшылығы мен әріптестері Айдар жайлы тек мақтау-мадақтау сөздер айтады. Өйткені, майор Мұқайұлының сөз саптасы, адаммен пікір алысы, қай тақырыпта болмасын бірден танылар ой тереңдігі, білім көкжиегінің кеңдігі, байсалдығымен ерекшеленеді. Осы адами қасиеттерімен де ол достары мен әріптестер арасында әрқашан сыйлы.

Майор Айдар Мұқайұлы Алматы облысы Кеген ауданы Кеген аулында өмірге келген. №2 Кеген орта мектебін 2002 жылы үздік бағамен бітіріп, Алматы қаласындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтына оқуға түсті. Әскери институтының курсанты аталғанда Айдардың қуанышы қойнына сыймай, қатты толқыды. Ол офицер болуды балдырған шағынан армандаған. Әрі әскерилер жайлы әңгімелерді кішкентайынан сүйіп тыңдап, танкист болсам дейтін.

Құрлық әскерлерінің Әскери институтында Айдар алғырлардың шебінде болды. Жасынан зерек өскен курсант Мұқайұлы әскери институтта да өзінің білім көкжиегінің жоғары екенін көпшілікке көрсете білді. Оқыған барлық пәндер бойынша тек үздік бағалар алды. Айдар институт қабырғасындағы 4 жылда ең мақтаулы курсанттардың шебінде болды. Ол ұдайы ізденіп жүретін. Осының нәтижесі ол аталмыш оқу орнын үздік аяқтап, лейтенант шенін алып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына әскери қызметін атқаруға аттанады. Танк взводының командирі, танк ротасының командирі лауазымдарын абыроймен атқарып, 2008 жылы өзі ұшқан ұяға қайта оралады. Құрлық әскерлерінің Әскери институтының оқу үдерісін қамтасыз ету батальоны, оқу жаттығу танк ротасының командирінің қару-жарақ жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалды. Осы күннен бастап еңбекқор Айдар Мұқайұлы бойындағы кәсіби білімі мен тәжірбиесін болашақ офицерлерге үйрете бастады.

Майор Мұқайұлы әрдайым әр істі әділ шешіп, намыс пен жігерін қамшылай білген, білім мен білігінің арқасында әрқашан алдыңғы шепте жүретін офицерлер қатарында. Алдына қойған мақсатынан таймай, өздегеніне жете біледі.

– Елді қорғау – абыройлы міндет. Сол абыройлы міндетті адал атқару сайдың тасындай сапқа тұрған әрбір әскери қызметшінің парызы. Әскери қызмет әрбір азаматты әскери-патриоттық рухқа, Отан алдында борышын өтеу сезімін қалыптастыруға, өмірлік қиыншылықтардан мүдірмей өтуге тәрбиелейді. Мен өз мамандығымды шексіз сүйемін, бұл әрбір адамның маңдайына жазыла бермейтін бақыт, – дейді майор Айдар Мұқайұлы.

Аида БЕКТУРОВА,
Құрлық әскерлерінің Әскери институтының баспасөз хатшысы.

СҮЙІНШІ!

АЙДОВА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДІҢ РЕКОРДЫН ЖАҢАРТТЫ

Калгариде (Канада) конькимен жүгіруден халықаралық турнир аяқталды. Қазақстандық Екатерина Айдова жарыстың жаңа рекордың қойды.

Спортшы 1500 метр қашықтықты 1 минут 53 секундта жүгіріп өткен. Осы нәтижесімен Айдова жарыс жеңімпазы атанды.

Ерлер арасында Александр Кленко 8-ші орын алса, Демьян Гаврилов – он бірінші, Дмитрий Морозов он төртінші, Виталий Щиголев – он алтыншы, ал Иван Аржаников 25-ші сатыға тұрақтады. Жаппай стартта Гаврилов алтын медаль алды.

Жарыс қорытындысы бойынша Айдова үздік шетелдік спортшы атағын иемденді.

Рауан ЕСЕНКЕЛДІҰЛЫ.

МӘРЕГЕ ДЕЙІН

НАУРЫЗ МАРАФОНЫ ӨТТІ

Бүгін Талдықорғанда Жастар жылына орай «НАУРЫЗ – 2019» марафоны өтті. Аталмыш жарысқа мыңнан астам қала тұрғындары қатысты.



Салтанатты шарада Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Сәуле Аманбайқызы, Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы, бұқаралық спорт түрлерін дамыту бөлімінің басшысы Алмат Үшкемпіров және облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жомарт Қаратас жарыс қатысушыларына сәттілік тілеп, жылы лебіздерін білдірді.

Бұқаралық спорт түрлерін дамыту мақсатын көздеген сайыста жас та, жасамыс та белсенділік танытты. Марафоншылар қала орталығындағы алаңнан бастап, Жастар паркінің амфитеатрына дейін жалпы, бес шақырым қашықтықты еңсерді.

Ерлер арасында мәре сызығын бірінші болып, Ерасыл Мұқатай кесті. Екінші орынды Андрей Геркачов алса, үздік үштікті Қалжан Мұзахан түйіндеді. Ал, қыздар арасындағы бәсекеде бас жүлдені Екатерина Югай ұтып алды. Анастасия Плотникова мәре сызығына екінші болып келсе, жарыстың үшінші орыны Елдана Ғазизға бұйырды. Марафон жеңімпаздары кубок, медаль және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сондай-ақ, жарысқа белсенділік танытып қатысқан бірнеше адамға ұымдастырушылар тарапынан Алғыс хаттар табысталды.

Данияр САҒЫНДЫҚ.

ҚОЛ КҮРЕСІ

ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗАР ЖАРЫСҚАНДА

НАУРЫЗДЫҢ 1-3 АРАЛЫҒЫНДА ТАЛҒАР ҚАЛАСЫНДА ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЖАСТАР АРАСЫНДА ҚОЛ КҮРЕСІНЕН ОБЛЫСТЫҚ БІРІНШІЛІК ӨТТІ. БҰЛ ЖАРЫС ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНА ІРІКТЕУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Күрестің бұл түрі жөнінде қысқаша айтып кеткен жөн болар. Қазір қол күресі «армрестлинг» деп аталады. Яғни, ағылшын тілінен «arm» – қол, «wregtling» – күрес деген мағынаны береді.

Алматы облысы Көксу ауданынан аталған біріншілікке 14 оқушы қатысты. Оларды жаттықтырушы – Азияның 8 дүркін чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2018 жылы 39 кг гір тасын бір саусақпен 15 рет көтеріп, Гинестің рекордтар кітабына енген Абдуали Тастанов.

Жарысқа қатысушы жасөспірім спортшылар ауданымызға 1 алтын, 2 күміс, 2 қола медаль тарту етті. Атап айтсақ, 55 келі салмақ дәрежесінде Шалбаева Томирис топ жарып, алтын медальмен апталып, Алматы облысы бойынша жас чемпион атағына ие болды. 60 келі салмақ дәрежесінде Сейіткерім Тоғжан, 40 келі салмақта Әлібекова Мөлдір күміспен күптелді. 55 келі салмақта Тұрсынғали Гүлдана қола медальмен, 65 келі салмақта Мейрамбекқызы Кәусар «жеңіске» деген медальмен марапатталды. Қалған сайыскерлердің де нәтижелері айтарлықтай болды. Сөйтіп, біздің балауса спортшыларымыз облыс бойынша іріктеліп, жиналған саңлақтардың ішінен оза шауып, бәйге алды.

Үздік жас спортшыларымыз – ауданымыздың Батырғали Оңғаров атындағы спорт стадионында ұйымдастырылған жасөспірімдер спорт мектебінің түлектері. Олар небәрі 4 айдың ішінде осындай толағай жеңіске жетіп отыр. Бұл жаттықтырушы Абдуали Тастановтың тәжірибелі, шеберлігінің нәтижесі десек, екінші жағынан – жас спортшыларымыздың спортқа деген ынта-жігерінің мықтылығы.

«Осы айдың 25-29 аралығында Талдықорған қаласында жасөспірім спортшылар арасында Қазақстан чемпионаты өтеді деп жоспарлануда. Осы дүбірлі додада аталған спортшы-оқушыларымыз үмітімізді ақтап, оза шауып, топ жарады деген ойдамын», – дейді жаттықтырушы Абдуали Тастанов.

Бұл жолғы жеңіс – жасөспірім спортшыларымыздың алғашқы мәресі. Алда үлкен сынақ – Қазақстан чемпионаты тұр. Бұл дүбірлі додада да үкілеп қосқан жүйріктеріміз оза шауып, бәйге алып, аудан жұртшылығын қуантып, ауданымыздың абыройын асқақтатады деген үміттеміз. Жас талаптарға зор жеңіс, сәт сапар тілейміз!

Ілияс САДЫҚОВ,
қарт журналист.

АУЫЛЫН КӨРІП, АЗАМАТЫН ТАНЫ!

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігі бәрімізге белгілі. Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсеткен. Расында да, бүгінгі таңда еліміздің ақсақалдарынан кішкентай баласына дейін дене тәрбиесіне ерекше мән береді емес пе? Осы орайда біз де қалыспақ емеспіз.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші, Алматы облысы Сарқан ауданы Көктерек ауылдық округінде ауыл азаматтарының атсалысуымен жастарға өнеге беру мақсатында игі бастама қолға алынуда. Спорт әлемінде көп жылдар бойы шаң басқан Көктеректің де бір сілкінер сәті туып, ауылымыздың тарихында болмаған республикалық көлемде спорттық дода, яғни 2019 жылдың 26-30 наурыз аралығында елді мекенімізде бокстан кіші және ересек жасөспірімдер арасында Алматы облысының ашық біріншілігі өткізілмек. Осылайша талай уақыт құрбан болған арманымыздың бір бөлшегі орындалуда.

Н.Ә. Назарбаевтың «2019 жыл – жастар жылы» атты жолдауы және кеңес әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 30 жыл толуына орай ұйымдастырылып жатқан жарысқа әзірде қызу дайындық жүргізіліп жатыр. Келешек ұрпаққа салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау, туған жеріміздің салт-дәстүрін, береке-бірлігін көрсетіп жастарға үлгі ету, жас спортшыларымыздың тәжірибесін арттыру мақсатында республикалық көлемде өтетін бұл спорттық додаға көрші мемлекеттерден және Қазақстанның 15-ке жуық қалаларынан командалар шақырылуда.

Жандос КАЛИМОЛДИНОВ,
Көктерек ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы,
БПҰ мүшесі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ

Әбдесте – мойны ұзын әрі жіңішке жез құман.
Әбдіре – киім-кешек, әртүрлі бұйымдар салатын үлкен ағаш сандық, кебеже.
Әбеқоңыр – жадау; қоңырқай.
Әбес – қате, теріс, ағат; ұнамсыз, ерсі, лайықсыз, әрескел.
Әбжат тану – хат тану, сауаттану.
Әбжіл – іске епті, қимылы ширақ, икемді.
Әбутас – үлкен тас.
Әбірет – ғибрат.
Әбі-тәбі – орташа, шамалы; жайбарақат, мамыражай.
Әдиса – құпия, сыр; кездейсоқ оқиға, таңғажайып оқиға; хикаят.

Наурыз мейрамы құтты болсын!









«АЛАТАУ» - ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:	ЦЕНА ПОДПИСКИ:
РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ	С РЕДАКЦИИ
9 айға – 1980 теңге.	9 месяцев – 1980 тенге.
6 айға – 1320 теңге.	6 месяцев – 1320 тенге.
ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАЛАР ҮШІН	ДЛЯ ГОРОДА НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ
9 айға – 2575, 89 теңге.	9 месяцев – 2575, 89 тенге.
6 айға – 1717,26	6 месяцев – 1717,26 тенге.
АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА	ДЛЯ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ
9 айға – 2743,47 теңге.	9 месяцев – 2743,47 тенге.
6 айға – 1828,98 теңге.	6 месяцев – 1828,98 тенге.

ТӘМСІЛ

Сеніміңе селкеу түспесін

Бірде бақалар өзара жарысуды ұйғарыпты. Биік мұнараның басына қайсысы алғаш өрмелеп шығатынын білмек болыпты. Олардың мұнараның басына шығамын деп тарбаңдап құлағандарын көріп, қызыққа бір кенелмек оймен жан-жақтан аң-құстар да көп жиналыпты. Иә, расында күлкілі ғой?! Бақалар мұнараның басына қайдан шыға алсын?! Бәрі оларды келекелеп, күлкіге айналдырып, айғайлап мазаққа айналдыра бастайды.

– Қазір құлайды, әне құлады, міне құлады.

– Көрдіңдер ме, мен айттым ғой ешқайсысы да шыға алмайды, бос әурешілік! Тағысын тағылар.

Бақалар мұны естіп, бірінен соң бірі томпылдап құлай бастайды. Тек бір бақа ғана алға беттей береді.

– Әй, кер де тұр, қазір құлайды! – деп шуылдасты бәрі.

Бірақ, бақа құламады. Мұнараның ұшар басына шығыпты. Бәрі оған басқалардың қолынан келмеген нәрсе қалайша оның қолынан келгеніне қайран қалып, мәнісін білмекке ұмтылыпты. Сөйтсе, әлгі бақа саңырау екен.

Бұдан шығатын түйін: *кей кездері адамдардың арасында да, әсіресе жақын-жуықтарымыздан, «босқа әуре болма, сенің қолыңнан келмейді» деген сияқты өзіңе күмән келтіретін, сеніміңе селкеу түсіретін сөздерді естімей, саңырау бақаның кейпін кию де дұрыс сияқты! Осы ретте «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу!» деген мақал да ойға оралады екен.*

Тәмсілді орыс тілінен тәржімалаған Шолпан КЕНЖЕЕВА.

ӨМІРЛІК КЕҢЕС

Адам ақылды болған сайын қарапайым келеді.
ЦИЦЕРОН.

Жақсы адам барлығын өзінен іздейді, ақымақ адам оларды басқадан іздейді.
КОНФУЦИЙ.

Ешқашан саған сенетін адамды алдама. Сені алдаған адамға ешқашан сенбе.
БЕРНАРД ШОУ.



Ақылды адам өзгелердің кемшіліктерін көріп өз кемшіліктерінен арылады.
Сир ПУБЛИЛИЙ.

Сіз туралы жаман ойлайтындар – сізден әлсіз адамдар. Мықты адамдар сіз жайлы ойлауға уақыттары жоқ.
Шарль ТАЛЕЙРАН.

КӨРГЕН-БАҚҚАН

Асанәлі ағамен (Әшімов) әңгімеміз арна тауып, жарасып жүре береді. Бірде телефондағы сөзіміз ит жайлы боп кетті.

– Күшік итке, сен осы адамдарға сенуіңді қоймадың ғой, – деп Асекем рахаттанып күліп алды. Мен де қарап қалмадым.

– Асеке, иттің дос болғаны жақсы. «Алайда достың ит болғаны жаман» деп жазғанмын, – деймін.

– Ай, Бағдат, мына сөзді жазып алу керек, – деп Асекем жеңгемізге дауыстап жатты. Кей достары есіне түсіп кеткен шығар.

Рахымжан ОТАРБАЕВ.

25% жеңілдікпен жазыл!



Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Қазір елімізде мемлекеттік мерзімді баспасөздерге жазылу аяқталды. Десек те, біздің «Алатау» газетіміз халықтың сұрауы бойынша, бағасы 25% жеңілдікпен «Өз сүйікті газетіңе жазыл» акциясын ұйымдастырып отыр. Сіздің енді кез келген «Қазпошта» бөлімшесінде еш кедергісіз «Алатауға» жыл соңына дейін жазылып, ұтысқа ие болу мүмкіндігіңіз бар.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ — редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА — тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Кезекші редактор: Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail. ru
E-mail: www. alatau. kz@mail. ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 6898
Тапсырыс №409
Индекс 15534